

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ МУХТАРА АУЭЗОВА



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ:
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕРІ
ЖӘНЕ БАЯНДАМАЛАРЫ**

**ПРИВЕТСТВЕННЫЕ СЛОВА И
ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ**

**МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ПРИУРОЧЕННОЙ 30-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ:
30 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ**



3.12.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО – КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ МУХТАРА АУЭЗОВА

2021 жылы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
**«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ:
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ»** атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕРІ ЖӘНЕ
БАЯНДАМАЛАРЫ**

**ПРИВЕТСТВЕННЫЕ СЛОВА И
ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ**
международной научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ:
30 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ»**
приуроченной 30 летию Независимости
Республики Казахстан

3 декабря 2021 года

ШЫМКЕНТ, 03.12.2021

УДК 94:316.75(574)(062)
ББК 74.58
Қ 18

Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕРІ ЖӘНЕ БАЯНДАМАЛАРЫ

ПРИВЕТСТВЕННЫЕ СЛОВА И ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ
международной научно-практической конференции
«КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ: 30 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ»
приуроченной 30 летию Независимости Республики Казахстан

ISBN 978-9965-03-811-2

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ:

Бас редактор:

Кожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма – төрағасы, ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

Редакция алқасының құрамы:

Нұрманбетов Қ.Ә. – заң ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бірінші проректоры;

Сүлейменов Ұ.С. - техника ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ғылыми жұмыс және инновациялар» жөніндегі проректоры; Бейсенбаев С.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қоғаммен байланыс және мәдениет» жөніндегі проректоры; Абшенов Х.А. - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ғылыми зерттеулер» департаментінің директоры; Назарбек Ұ.Б. - PhD доктор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Академиялық ғылымдар» департаментінің директоры; Боранбаев С.Р. - филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры;

Торғаутова Ш.А. - тарих магистрі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы; Жунусбаев С.М. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақстан тарихы» кафедраның меңгерушісі, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері.

Жолдыбаев Ж.Т. - тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақстан тарихы» кафедраның доценті, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Кожамжарова Д.П. - Председатель-правления, ректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной Академии Наук Республики Казахстан

Члены редакционной коллегии:

Нурманбетов К.Ә. – кандидат юридических наук, доцент, первый проректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова;

Сүлейменов Ұ.С. – доктор технических наук, профессор, проректор по «Научной и инновационной работе» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова;

Бейсенбаев С.К. – доктор педагогических наук, профессор, проректор по «Общественным связям и культуре» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова;

Абшенов Х.А. – кандидат технических наук, доцент, директор департамента «Академические исследования» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова; Назарбек У.Б. – доктор PhD, директор департамента «Академические науки» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова; Боранбаев С.Р. – доктор филологических наук, директор Научно-исследовательского института «Социально-гуманитарные науки» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова;

Торғаутова Ш.А. – магистр истории, начальник научного центра «История и этнология» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова;

Жунусбаев С.М. – кандидат исторических наук, доцент, заведующий кафедрой «История Казахстана», старший научный сотрудник научного центра «История и этнология» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова; Жолдыбаев Ж.Т. - кандидат исторических наук, доцент, доцент кафедры «История Казахстана», старший научный сотрудник научного центра «История и этнология» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова

УДК 94:316.75(574) (062)
ББК 74.58

ISBN 978-9965-03-811-2

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2021

2021 жылы 3 желтоқсанда
«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ:
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

МОДЕРАТОР

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
Басқарма – төрағасы, ректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылымдар Академиясының академигі
Қожамжарова Дария Пернешқызының

КІРІСПЕ СӨЗІ

Қайырлы күн
күрметті конференция қатысушылар,
конференция қонақтары, әріптестер!

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерей тойына арналған
«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ:
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келіпсіздер!

2021 жылы 16 желтоқсанда Еліміздің Тәуелсіздігіне - 30 жыл толады.

2021 жылдың 5 қаңтарында Мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» бағдарламалық мақаласын Елімізге таныстырды.

Мемлекет басшысы - «...Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін айқындайтын маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады... Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық» деп, сонымен бірге «...Осы тұрғыдан алғанда, бұл - арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет... Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстанып, ортақ құндылықтарымызды сақтауымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс...» деп нақтылады.

Ал, 2021 жылы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшы - Қазақстан халқына Жолдауында «...Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші он жылдығына қадам

басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез-келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет» деп атап өтті.

Күні кеше 23 қарашада, Тәуелсіз Еліміздің Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев **«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында** қазақстандықтарға және жас ұрпаққа үндеу жасап, Мемлекеттілікті сақтау және жаңа дәуірде бағдар болатын - «Елділіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды.

Елбасы «...Біз Тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз. Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық. Сындарлы саясат жүргізіп, әлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырдық. Ең бастысы бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізіп, елдігіміз қайта жаңғырды. Әлем қартасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік», «...Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті деп нақтылады.

Осыған орай, бүгінгі халықаралық деңгейде ұйымдастырылған **«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ» тақырыбындағы** ғылыми-тәжірибелік конференция – Еліміздің егемендігін алғалы бері 30 жылда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени саласындағы дамуы мен келешегі туралы келелі мәселелерге назар аударып, бірқатар маңызды бағыттарда жұмысын бастағалы отыр.

Конференция жұмысына республикамыздың мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, сонымен қатар, шетелдік қонақтарымыз, жалпы зиялы қаум өкілдері құттықтауларын жолдауда.

Еліміздің түкпір-түкпірінен - Нұрсұлтан, Алматы, Тараз, Түркістан, Қарағанды, Шымкент қаласы жоғарғы оқу орындарының ғалым-педагогтары, ғылыми-зерттеу институттар мен ғылыми орталықтардың қызметкерлері, республикалық «Қазақтану» ғылыми журналының редакция алқасы, Түркістан облысының тарихи-өлкетану музейі, Шымкент қаласының әл-Фараби атындағы кітапханасы, орта және кәсіптік білім жүйесінің өкілдері, жас ғалымдар - магистранттар мен докторанттар конференция жұмысына белсенді қатысуда.

Конференция жұмысы: -Қазақстан мемлекеті: генезис және түркі елдерінің этникалық жүйесінің эволюциясы; -Тәуелсіз Қазақстанның тарихи кезеңдері, жетістіктері және құндылықтары; -Тәуелсіз Қазақстанның технологиялық дамуы және саяси-экономикалық реформалары; -Елбасы - Тәуелсіздігіміздің мәңгі символы; -Цифрлы Қазақстан: білім және ғылымның даму серпіні, қоғамдық сананың жаңғырту үдерісі; -Тәуелсіз Қазақстанның ХХІ ғасырда дамуының жаңа белестері бағыты бойынша жұмыс жасайды. Конференцияға 100-ден астам баяндама түсіп, 2 томдық конференция еңбектері жарыққа шықты.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған **«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямызашық деп жариялаймын және Пленарлық Мәжілісті бастауға рұқсат етіңіздер!

Барлық қатысушыларға бүгінгі жиынымыздың жұмысына сәттілік тілейміз!

Толепбергенов Аманбек Корпобайұлы

«Рухани Жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты КЕАҚ
Басқарма төрағасының орынбасары.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қайырлы күн, құрметті Дария Пернешқызы және конференцияға қатысушылар!

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының «Тарих және этнология» ғылыми орталығының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздіктің қазақстандық жолы: жасампаздықтың 30 жылы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырғандарыңыз үшін алғысымды білдіремін!

Конференцияда Қазақстанның этникалық жүйесінің дамуы, Тәуелсіз Қазақстанның тарихи кезеңдері, жетістіктері мен құндылықтары, саяси-экономикалық формалары, сондай-ақ Елбасы – Тәуелсіздігіміздің мәңгілік символы және Цифрлық Қазақстан: білім мен ғылымның даму серпіні сынды маңызды тақырыптар қозғалатыны қуантып отыр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақстандықтардың жаңа өзгерістерге дайындығын қамтамасыз етуге қабілетті, еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі идеологиялық құрамдас бөлігі болып саналады.

2021 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтарын түсіндіру және жас ұрпақты тәрбиелеудің жаңа әдістерін өзектендіру мақсатында «Кемел болашақ» жобасы іске асырылды.

Осы жоба аясында Оқушылар сарайының оқытушыларына талант-менеджментке негізделген «Upgrade yourself for 10 days» бағдарламасы іске асты. Осы бағдарлама негізінде қазақ және орыс тілдерінде 40 вебинар өтті. Барлық вебинарларды YouTube арнасынан көруге болады.

Ұлттық тарихымызға, түп тамырымызға сүйеніп, заманауи ұрпақты тәрбиелеудің және отбасылық қатынастарды қалыптастырудың негізгі құндылықтарын сақтау мақсатында «Ultyq tárbie» идеологиялық платформасы» жобасы жүзеге асуда.

Жоба аясында ата-аналарға, жастарға арналған отбасылық құндылықтар туралы бейнедәрістер, Үздіксіз білім беру қағидаларын үйрету нұсқаулығы, «Баланы еңбексүйгіштікке қалай баулимыз?» қалта жолнұсқаулығы, мұғалімдерге «Dastur start» сыныптан тыс іс-шаралар сценарилері, Ынталандыру бойынша онлайн оқыту курстары, Кәсіби бағдар беруді ұйымдастыру әдістемелік құралы, танымдық квест ойындары ментеатр қойылымдары сценарийлері әзірленіп, ultyqtarbie.ruh.kz порталына орналастырылды.

«Рухани жаңғыру» құндылықтарын басшылыққа ала отырып, балалар мен жастарды қазіргі заманғы ойлау үлгісі мен мінез-құлық үлгісін дамытуға бағыттауға арналған «Oilар ойна», домино, пазл, лото, бояу суреттері үстел ойындары әзірленді.

Жыл сайын әзірленетін «Үздік жобалар» жинағына биылғы жылы

Бағдарламаның «Ұлттық бірегейлік қағидасы» аясында өңірлерден үздік деп танылған жобалар жинағы әзірленуде.

Міне, жоғарыда аталған Институт жұмыстары 2022 жылы өз жалғасын табады. «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерлету, ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау, ұрпақ тәрбиесі, бабалар мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды таныту мақсатында алдымызда зор мақсат тұр.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, университет оқытушыларына сараптамалық және әдістемелік материалдарымызға қызығушылық танытқандарыңыз үшін алғыс білдіргім келеді. Биыл, ынтымақтастығымыздың одан да тығыз әрі нәтижелі болатынына сенімдімін.

Сондай-ақ, аталмыш ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысы аясында «Тәуелсіздік құндылықтары мен жетістіктері» атты көрмесі ұйымдастырылып, университет ғалымдарының «Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ» тақырыбында әзірленген ұжымдық монографиясының таныстырылымы мен Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерінің арасында «Creator» суретшілер мен дизайнерлердің республикалық көрме-байқауына сәттілік тілеймін!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен

шоқтығы биік –«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасыбекітілген болатын. Жоба үш бағыт, жеті міндет, жиырма бір көрсеткіш, алпыс алты ауқымды іс-шарадан тұрады. Бірінші бағыт «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілету және мемлекеттік тілді дамыту». Екінші «Ел рухы» бағыты – мәдениет саласында қолжетімділік пен сапаны арттыру. Үшінші «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағыты. Бұл – жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашу және оларды қоғамдық пайдалы істерге тарту міндеттерін қамтиды. «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерлету, ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау, жас ұрпақтың бойында рухани-адамгерші

лік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының енгізілуі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 4 жылдық жұмысының одан әрі жандануына үлкен серпін берді.

Құрметті Дария Пернешқызы, осындай айтулы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ұйымдастарылып жатқан ғылыми-тәжірибелік конференцияға ризашылығымды білдіре отырып, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты құрылғалы 2019 жылдан бастап, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Институмыз бірталай жобаларды сәтті іске асырып келеді. Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттер арасында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Сіздерге қоғамдық сананы жаңғырту қағидаттарын ілгерілету бойынша алдымызға қойылған міндеттерді бірлесіп іске асыру жолындажетістіктер тілеймін!

Оразалы Сабден

экономика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан ғалымдар одағының Президенті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Инженерлік академиясының Академигі,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Тәуелсіздік алған жылдары Жоғарғы Кеңестің Президиумының мүшесі.
Экономика комитетінің төрағасы. Алматы, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ СЕРПІЛІС БЕРУ

I. Тәуелсіздігімізді қалай баян етеміз?

1990-1991 жылдары КСРО іргесі ыдырап, құрамында 15 республиканың әрқайсысы жеке-жеке еншісін алып бөлек мемлекет болып кетті. 1991 жылы боданның шідерін үзіп шыққан Қазақстанды ресми түрде Түркия бас болып, барша әлем тәуелсіздігімізді мойындаған. Ең жоғарғы, әрі бірден-бір заң шығарушы орган болып саналатын Жоғарғы Кеңес тәуелсіздігімізді алуға, көптеген заңдар қабылдауда үлкен рөл атқарды.

Сол кездерді еске алатын болсақ, Жоғарғы Кеңес Президиум мүшесі, ғылым, білім және экономикалық реформа комитеттерінің төрағасы ретінде, кейде түн ұйқыны төрт бөліп, алғашқы заңдардың жасалуы, мемлекеттік институттардың құрылуы, өз ақшамыз «теңге» шығып, қаржы жүйесінің енгізілуі, бірінші рет Ата заңымыздың қабылдануы әлі де болса көз алдымынан кетер емес. Рәміздерімізді Жоғарғы Кеңесте қабылдап тұрғанда «ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы орындалды» деп көзімізден жас шыққан уақыттар да болды. Тәуелсіздігіміздің басында тұрған депутат, академиктерді еске алғым келеді: С.Зиманов, С.Әбділдин, Ө.Жолдасбеков, С.Сартаев, Ш.Есенов, А.Абдулин, Ж.Абдильдин, М.Қозыбаев, С.Тәкежанов, З.Қожабеков, М.Оспанов, М.Уркумбаев, Г.Қалиев. Осы 14 депутаттың 12 өмірден озыпты. Олардың жанұясына баянды өмір тілеймін [1].

Тұжырымдап айтсам 30 жылда еңсеміз көтерілді, әлем таныды, халқымыз да осы жолда небір қиындықтан өтті, жақсы да, жаманы да болды, оның қайсыбірін талдай бересің. Дамып келеміз, ТМД елдерінің ешқайсысынан кем де емеспіз. Бірақ біз өзгешеміз, осыны ұмытпайық. Себебі Қазақстан – әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Оның жер қойнауында Менделеев кестесінің 110 элементінің 99-ы бар, ал пайдаланатымыз 60-тан астамы ғана. Біз, Қазақстан абсолютты ресурс қоры жағынан және де оларды әр адам басына шаққанда дүниежүзінде алдамыз. Мысалы дүниежүзілік **вольфрам** қорының 50%, **уранның** 25%, **хром** рудасының 23%, **қорғасынның** 19%, **цинктің** 13%, **мыс пен темірдің** 10% Қазақстанда.

Бұған қоса барий, марганец, фторит т.б. бар. Оған қосымша сирек кездесетін өте қымбат **осмий, бериллий, титан, тантал, таллий, алтын, күміс** т.б. мол. **Мұнай, газ, көмір, минералды, сутекті** ресурстарымыз жеткілікті, тіпті шаш етектен десе де болады. Осындай қыруар байлықтың үстінде отырып Абайдың сөзімен айтсақ «неге шеңгел шайнап жүрміз»?

Біз тек кемшіліктерді айтпай, ертең не болатынын ескере отырып «не істеу керек» деген сұрақтарды шешетін ғылым мен өмірге негізделген тетіктерді көрсетуге ден қоюымыз керек.

Біріншіден, біздің барлық жерасты және жерүсті байлықтарымызды зерттеп, зерделеп қайта електен өткізу керек.

Аудит жасап, ең алдымен барымызды түгендеп алайық. Бір мысал, Ресей ғалымдарының космостан түсірген ізденістері бойынша тек Қостанай өңірінде өте үлкен жердің жеті қабатын алып жатқан көмірсутегі қоры бар екен. Ал егер ертең мәшинеден бастап басқа да техника-технологиялардың бәрі, тұтыну мәселелері көмірсутегінің арқасында болатынын ескерсек, бұл шексіз байлықты игеруді тез арада бастау керек.

Екіншіден, Парламентте заң қабылдау қажет. Сол заңда жер, қазба байлықтың иесі қазақстандық болуы керек немесе Мемлекеттің атынан Үкімет болуы керек. Мұнайдың жылдық көлемін 100 млн.баррельден асырмауымыз қажет. Сонда біз келешекке не қалдырамыз? Бұл біздің ұрпақтарымыздың несібесі емес пе? Мысалы, Норвегия Парламенті «мұнай елдің болашағы» деп оны реттейтін заң қабылдап отыр. АҚШ табиғи қорларды, әсіресе мұнайды болашақ еншісіне сақтап келеді. Отаршылдық санадан азат, жаңа заман технологияны меңгерген, әлемдік тілдерге жетік жастар осы ата-бабаларымыздың мұрасын бірден-бір заңды иегері болуы тиіс.

Үшіншіден, уақытында біліп-білмей қабылдаған халықаралық келіім-шарттарды заңмен қайта қарау керек. Неге өндірілген мұнай көлемінің 27-28 % бізде, ал 72-73 % шетел компанияларының қолында болуы керек? Неге олар түскен барлық табысты алып кетуі керек? Бұл қай мемлекетте бар? Мұндай жағдай біздің экономиканың құлдырауына апарып соқпай ма, қауіпсіздікке тікелей ісер етпей ма? Егер Араб елдерімен салыстырсақ бізде бәрі керісінше. Парламент қатаң заң қабылдап, бұл сұмдықты тоқтату керек.

Тек экономикамызды **әртараптандыру арқылы ғана шикізат экономикасынан құтыламыз.** Әсіресе алынған шикізатты өзімізде өндіріп, қайта өңдеген отандық тауарларды көптеп шығарған жағдайда, еліміз өркендеп, экономикамыз тұрақтанып, біршама жетістіктерге жетер едік. Өзіміз өндірмей өзіміз өспейміз!

Мен ғалым ретінде Қазақстан көп ұзамай өркениет елдерін қуып жету үшін үдемелі даму керек деген ой айтамын. Ол үшін **«Қазақстан 7 басымдық инновациялық идеясын»** ұсынамын.

Олар: **бірінші,** Білімді қоғам. Тек білімді қоғам кез келген қиындықтарды жеңеді. Қазір елімізде білімнің деңгейі құлдырап кетті, әсіресе жоғары білім сын көтермейді. 80-90% ақылы оқуда. Біз білімді тауарға айналдырып жібердік. Білімнің мақсаты – сапалы біліммен қатар рухани адам тәрбиелеу. Бұл межеге жете алмай келеміз, білімді барлық деңгейде тегін оқыту керек.

Екінші, Халықты мүмкіндігінше жұмыспен қамтамасыз ету. Оның түп тамыры кіші кәсіпті шетелдегідей 70-80% жеткізу. Қазір бізде кіші кәсіптің үлесі жалпы ішкі өнімге шаққанда 20% енді астық. Жұмыссыздық бізде 5% дейді билік, ал негізінде 20% -дан кем емес. Бұл жерде алысқа бармай-ақ, намыстанбай-ақ өзбек ағайындардан да үлгі алсақ болғаны. Абайды оқыңыз.

Үшінші, Денсаулық. Қазір пандемияға байланысты денсаулық әлемде бірінші орынға шықты. Біз 19-ақ миллион халықпыз, сондықтан тек сапамен ғана мақсатқа

жетеміз. Халықтың денсаулығы жағынан біз артта қалудамыз, кеше коронавирус келгенде де көрдік. Бұл салаға түбегейлі өзгерістер керек. Бөлінетін қаржыны кем дегенде екі есеге көбейтіп халқымыздың жартысына жуығы ауылда тұратынын ескеріп денсаулықты жақсартуды ауылдан, бұқаралық спорттан бастау керек.

Төртінші, Азаматтық қоғам құру. Қазақстанда қоғамдық ұйымдар аз, ал оның өзі тиімді жұмыс істемейді, Үкіметтен қолдау нашар, болған күнде де биліктің сойылын соғу үшін қызмет еттіруге арналған. Бірақ мысал Финляндияда бар болғаны 5 млн халыққа 120 мыңнан аса мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар бар, ал бізде 10-20 есе аз. Жалпы Қазақстанның даму келешегі негізінде үкіметтік емес ұйымдардың қоғамды жаңғыртудағы белсенді жұмыстарына байланысты болмақшы.

Бесінші, Рухани жаңғыру. Мәдени-рухани жаңғыруды тек кейінгі кезде қолға ала бастадық, оның өзі кейде бір партияның жалауына айналуға. Шындық дамыған мемлекеттердің өздері тек баюды ойлап, ал рухани құндылықтар артта қалған уақыт. Әлемдік кризистің өзі рухани азғындықтан туындап отыр. Алдағы уақыттарда әлемдік үрдіс осы кемшіліктерді жою үшін мәнді әлеуметтік инновацияға беру керек болып тұр. Елді алға жетелейтін әлеуметтік сала, мысалы мәдениет, білім, ғылым, спорт, денсаулық, туризм. Зиялылар да, таланттылар да осылардан шығады. Қазақстанның келешегін болжап беретін, даму жобаларын жасайтындар да осылар болғандықтан, біз Советтер одағынан әлі күнге дейін «остаточная сфера» деп атайтын жолдан кетіп бұл салаларды дамытуға басымдық беруіміз өте қажет. Осындай қиын кезеңде мүмкін «**мәдени ренессанс**» жасау елдің дамуына бір серпіліс берер.

Алтыншы, Өзін-өзі басқару жүйесі. Отыз жыл бойы аңсап келе жатқан бір проблема біз әлі күнге дейін жергілікті өзін өзі басқару жүйесін жасамадық, мүмкін әдейі, білімсіз халықты басқару жеңіл болды. Егер мемлекетті билік билеп төстесе, жергілікті жерлерде де сол принцип сақталады. Оның аты әкім айтты болды заңды. Депутатты да формальды, халық емес, әкім сайлайды, шенеунікті де әкім қояды, кредитті де кім-кімге беру әкімшілік арқылы не керек сол ауданға барлық кірісті де, шығысты да әкім реттейді. Сөздің қысқасы әкімсіз шыбын ұшпайды. Қазір пара алмаған, пара бермеген адам қалмай бара жатыр. «Мешкей деген жақсы ат емес». Бұл сұмдықты тоқтатпаса, басына балта шаппаса аяғы үлкен апатқа алып келеді.

Не сұмдық, талай айтсақ та осы күнге дейін «жергілікті өзін өзі басқару заңы» Парламентте қабылданбаған. Бұл деген сөз жергілікті халықты қорлау, ешкімге ештеңе керек емес. Осылай басқара берсе болды. Бір екі адам құқықтарын қорғап бас көтерсе, оларға кредит беруден бастап барлық есік жабылады. Тоқетері реформаны жергілікті жерден бастау керек, тиісті заңдарды қабылдап жұмыспен қамтамасыз ету т.б. барлық жағдайды әр ауыл тұрғыны үшін жасау қажет. Ауыл көтерілмей ел, мемлекет көтерілмейді, дамымайды.

Жетінші, Мемлекетті жаңаша басқару парадигмасы. Жаңа басқару жүйесін жасау қажет. Жоғарыда айтылған 6 проблемалардан кейін Қазақстанның жағдайының мүшкіл екенін көруге болады. Балық басынан шіриді демекші әңгіме билікте болып тұр. Елімізде жоғарыдан төменге дейін билік былығып біткен. Қайда барсаң да «Қорқыттың көрі» демекші ақшасыз, парасыз ештеңе шешілмейді, мәселе тек оның көлемінде жоғары жақта үлкен, облыста орташа, ауданда аздау пара беріп шеше бер мәселенді. Ұлы Абай айтпақшы «қорқытпай, параламай, ақылмен, не жерлеп, не сырлап айтқанмен, қазақты ешнәрсеге көндіру мүмкін

емес»-тің кері келіп тұр

II Түркі әлемінің эволюциясы, «Түркі Тегі» одағын құру идеясы

Ежелгі тарихқа сүйенсек, адамзат тіршілік үшін күресе жүріп, өзін-өзі және қоршаған әлемді игеруді меңгерді, оның заңдарын танып, өзінің мүмкіндіктерін арттырды, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін еңбектенді. Сәйкесінше, өзінің жеті мыңжылдық дамуында алдағы тағдырына жауапкершілікті сезіну үшін мол тәжірибе мен білім жинақтады.

Біздің киелі жердегі дүниежүзі дамуының тарихи логикасын жүйелесек, алғашқы адамзат бұдан екі миллион жыл бұрын шығыс Африкада пайда болып, содан кейін Кавказдың Дманиси аймағынан, бір жағы Еуропаға, екінші жағы Сапиенстер Азияға тараған. Ал біздің тегімізге келсек, орташа шамамен 200 мың жыл бұрын саналы ойлайтын адам пайда болды. Басы бар, аяғы жоқ эволюциялық дамудың соншалықты ұзақ екені саналы адаммен алғашқы Африкадағы икемді адам арасы 2 миллион 500 мың жыл болады екен [2].

Осы тұста біз бір сәтке тоқтап: «біз өзі кім едік, қазір қандай жағдайдамыз, алда не күтіп тұр?» деген сұраққа жауап іздесек, онда тағы да тарихқа жүгінуге тура келеді. Біздің көне Түркілердің байырғы мекені Алтай мен Орталық Азия, Оңтүстік Сібір жерлерінде неолит (жана тас) және қола дәуірлерінде, ертеде (Иерихан Б.з.б. VII мыңжылдықта) жерді игеру, тұрмыстіршіліктің басталғаны белгілі. Бертін келе ерте қола дәуірінде (б.з.б. IV-III мыңжылдықта) Шумерде және Египетте құлдық дәуірінен шыққан қала өркениеті басталды. Б.з.д. 209 ж. Орта Азия ғұндарының басында тегі түмен Мөде қағанның келуімен өте үлкен Ғұн мемлекеті құрылды. Оның алып жатқан жерін алсақ, ол шығысында Тынық мұхиты, Кореямен шекаралас, оңтүстігінде Қытай, батысында Алтай, қазіргі Синьцзянь, Жетісу, кейіннен батысқа таралып отырған. Мөденің басшылығымен «Жер – Мемлекеттің негізі», - деген заң қабылданғаны тағы белгілі. Солуақыттарда, оданбертінкеле, қалаларпайдаболып, дамибастады. Мысал ретінде б.з.д. I ғасырдағы Ташебин, Суяб, Хэйшачэн, Самарқан, Тараз [2], б.з.д. II ғасырда Үйсін мемлекетінің астанасы болған Чигу (Қызылаңғар) қаласы мен үйсін заманына жататын Сүмбе, Лепсі, Құлан, Ақтөбе қалаларын [3], б.з.д. II ғасырдың екінші жартысындағы Қаңлы мемлекетінің астанасы болған Битянь қаласына тап өтуге болады. Ал біздің заманымыздың IX-XIII ғасырларында бірғана Оңтүстік Қазақстанда Шаш, Испиджаб, Фараб, Ясы, Сауран, Отырар, сияқты және т.б. ірілі-ұсақты 30-дан астам түркі қалалары салтанат құрды.

Жалпы, ежелгі түркілерді тарихта скиф, сақ, хун-ну, ғұн, үйсін, қаңлылармен тектес ұлыс ретінде қарайды. Ал Ашина тайпасынан шыққан Түркі тегінің ұрпақтарына келсек, тарихта ғұндардың көсемі Мөдеден бастап, Томирис, Атилла, Ертонға, Тонькөк, Бумын, Мұқан, Естеми, Иоллығтегін, Шыңғысхан, Әмір-Темір, Құбылай, Бейбарыс, Ұлықбек, Сүлеймен сұлтан, Ататүрік т.б. ондаған ірі мемлекет басшыларын, қағандар мен хандарды айтса болады.

Осындайда бір үлкен сұрақ туады. Түркі халықтары сол уақытта саны да соншалықты көп емес, сөйтсе де қалай жарты әлемді басып алды. «Осыншама қуат, күш-құдіретті олар қайдан алды екен» деген сұрақ туады. Түркі қағанаты 3 мың жылдық тарихы бар. Тынық мұхитынан бастап, Корея, Қытай Сунь империясымен қоса алғанда, Вьетнам, Бирма, Комбоджа, Индия, Иран, Пәкістан, Ауғанстан, бүкіл

орта Азия, Сібір, Волга, Каспий, Кавказ, Қырым, Жерорта теңізі, Вена, Тунис, Дамаск, Кайр, Константинополь, Бағдат, Алжирге дейін жарты әлемді алып жатты. Ал жаулап, басып алған халқын алсақ, өзінен ондаған, жүздеген есе көп, содан «Түркі халқының феномені неде?» деген сұрақ туады [4]. Бұл көп факторлардан тұрады. Түркі адамы кім, туып өскен тегі, ортасы, мінез құлқы, мәдениетінің қалыптасуы т.б. шешуі қиын бір жұмбақ...

Мұндай әлемде болмаған феноменді ашу үшін тарихи деректерге сүйенейік. Түркі халқы азғантай **Ашина** әулетінен, Монғол Алтай жерінен шыққан күрескер, өжет тайпа болған. Ашина сөзі «благородный волк» деген сөз. Қытайлар оларды – ту-кю, түркі деп атаған. Негізінде түркі сөзі «күшті», «мықты» деген сөз екен [5]. Қытайдың көне деректері мен басқа да жазбаларда айтылатындай, ғұн тайпасы шайқаста түгел қырылғанда 9 жасар бала тірі қалып, одан қасқыр буаз болып, Алтайға кетіп, он бала туған (сурет 1).



1 сурет. Ашина

Осыдан түркі қағанатының тарихы басталады дейді. VI ғасырдың ортасында атақты Бұмын қаған түркі тайпасының басында тұрып Ұлы түркі қағанатының негізін қалады. Оның мұрагері Мұқан қағанның тұсында түркілер Қытайдан Византияға дейінгі ұлан-ғайыр территорияны өз бақылауында ұстады. Сөйтіп, Түрік қағандығы Ұлы Жібек жолын өз ықпалына алып аймақтағы бәсекелесі Иранның ықпалын әлсіретті. Осылай алғашқы дала империясы пайда болды. Орхон-Енесей – Талас түркі жазулары, «Тас кітабындағы» руникалық жазулар түркі қағанатының тарихын, мәдениетін және өркениетін дәлелдейді.

Б.з.б. III мыңжылдықта Еуразия кеңістігінде хун халқы 4 тармаққа бөлінген: [6] Солтүстік хундар – Сібірде угорлармен бірге сіңіскен, Юебань – соғды мәдениеті қатты әсер еткен ғұндар, Хунно-сянби – тегі Халхе және Чахар араласқан, кейінірек келе түркі және монғол тілдес тайпалар, Қытай Хундары – Қытайда ассимиляциялану процесі б.з.д. V ғасырда біткен. Олар империя ретінде үлкен Еуразия аймағын алып жатқан (сурет 2). [7] Түркілер ұшы-қиыры жоқ жерлерді бағындырып, бүкіл Еуразия құрлығының иесіне айналды десе болады. Түркі халқының қайсарлығы туралы 1252 ж. араб тарихшысы Абу Ал-Ала Ибн

Хассул еңбегінде айтқанекен: «..В мире нет людей более стойких и более настойчивых в достижении целей. В подтверждение их всеилия, величия, гордыни и неиссякающей мощи достаточно вспомнить слова благословенного посланника Аллаха: не трогайте тюрков, пока они не трогают Вас...» [8]

Потомки тюркских шангюев (386- 550 жж. б.з.д.) становясь во главе Китайских династий считали, что тюркская племена должны быть раздроблены, изолированы, друг от друга, в ином случае они могли «перевернуть с ног на голову весь Китай» [9]. XII ғасырдағы Шыңғысханның және ұрпақтарының іс-әрекетін еске түсіретін болсақ, расымен де, солай болған. Мысалы, Шыңғысханның немересі **Құбылайхан** өз ұрпақтарымен алпауыт Қытайды Сун империясымен қоса Пекинде отырып, жүзжылдан аса билеген. (1256- 1360 ж.) Ол Қытайдың экономикасының гүлденуіне және өркениетіне зор үлесін қосып, жаңа қала Ұлы Астана деген атаққа ие «Тайтуды» салдырды, Вьетнам, Бирма, Камбоджаны да алды, халықты күрішпен қамтамасыз ететін арналар жүйесін құрды және т.б. Шыңғысхан Корея мен Қытайды алуға жанқиярлық ерлік жасаған, өзінің оңқолы жалайыр Мұқалиға «сен оларды вассал ретінде ұстап басқар», - деп тапсырған.



2 сурет. Ғұн империясы

Тарихшылардың мойындауынша ұлы дала тарихында түркілердің негізгі күші бірлікте және армияда болса, оның негізін атты әскер қалады. Түркі жауынгері жастайынан қылыштасуға, садақ тартып, найза түйреуге машықтанды. Олар садақ тартуды жер бетінде бірінші болып меңгерген даңқты бабалары сақтар мен ғұндардан үйренді, олар аспаннан құйылта төнген құстар сияқты, ат үстінде құйғыта шауып келе жатып артынан да, жанынан да, алдынан да тұрған жауды, нысананы дәл көздей білген. Сонымен қатар, соғыста тұтқынға түскен түркілерді Еуропаға, арабтарға сатқанда, олар ең сұлу, ең күшті болғандықтан қымбатқа сатылатын. Олар орта ғасырлардағы ең қымбат құлдар еді. Түркілер жоғарғы жауынгерлік дайындығы мен әскери айла-тәсілдерді жете меңгергендігінің арқасында арабтардың әскер қолбасшылығына дейін көтерілген. Мысалы, кейіннен Мәмлүктер мемлекетінің ұлы билеушісіне айналып, маңдайы тасқа тимеген моңғол әскерін тоқтатқан күдіретті **Сұлтан Бейбарыстың** өшпес тарихы Мысырға құл болып сатылудан кейін басталған.

Түркілерде күтпеген жерден жауға тап беріп, тықсырып барып кенеттен қайта жоқ болып, қайта айналып жойқын күшпен соғатын соғыс тәсілдері күшті болды. Олар эп-сәтте қойға шапқан аш қасқырдай өз жауының ойрантопырын шығаратын. Егер (уақытысында Атиллаға салық төлеп отырған Рим) Рим империясы 9 ғасыр бойы соғыс жағдайында болса, 13 ғасыр бойы бес қаруын асынып, ат үстінде ойнақ салған түркі жауынгеріне, Түркі империясына қарсы тұрарлық күш әлемде болмады (сурет 3). Қытайдың өзі, оның императоры Цинь Ши Хуанди (221- 210) ғұндардан қорғану үшін Ұлы Қытай қорғанын жылдар бойы тұрғызған.

«Выдающийся французский историк и востоковед Рене Груссе в своей книге *«Империя степей»* пишет, что *«Атилла, Чингизхан, Тамерлан.... Великие Варвары, они возникали в самом сердце истории цивилизации и молниеносно, в течение нескольких лет, превращали римский, иранский, китайские миры в груды руин»* [9]. Бұл жерде Рене Груссе «Варвар» жабайылар деген сөзді шын мәнінде мақтау ретінде келтірген. Бірақ кейде еуроцентристердің көшпелі халықтарды жабайылар деп айтатыны шындыққа жатпайды. Егер тарихқа жүгінсек сол көшпелі халықтардың мыңдаған жылдар бұрын руникалық жазуы, дінінің болғаны, Ботай мәдениеті арқылы жылқыны қолға үйреткені, метал қорытып, қару-жарақ жасағаны, қол өнері дамығаны, атты сарбаздардың теңдесі жоқ жаужүрек батыр болғаны дәлелденген. Мұны отырықты, тұрақты даму дер едім.

Көк түркіден тараған **Томирис, Мөде, Бумын, Мұқан, Бейбарыс** және тағы да басқа түркі қағандарын, хандарын қосса, ерлігімен әлемді дүр сілкіндіріп, дүниенің төрт бұрышын бақылаған жер иесі құдіретті империяның сұлбасы көз алдымызға елестейді. Менің ойымша, мұндай ғаламдық жетістікке, күшке ие болу тегіннен тегін емес, бұл «өркениетке өзгеріс әкел» деген бір Жаратқанның ісі болуы да мүмкін.

VII ғасырдың басында Түрік қағанатында көне түркі жазуы кеңінен қолданылды. Иоллығтегін қаған тасқа қашатқан сына жазулары көне түрік өркениетінің жәдігері болып бізге жетті. Бертін келе 1875 жылы орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Орхон өзенінің алқабынан 3 метрлік тасқа жазылған, бір-бірінен бір километрдей жерде жатқан Күлтегін (732 ж.) мен Білге (735 ж.) қағандардың ескерткіштерін, сына жазуларын тапқан. Одан кейін 1891 жылы Селенга өзенінің бойынан Тоныкөктің де (716 ж.) ескерткіші табылды. Дат ғалымы Л.Томсон сына жазудың кілтін тауып, оны оқуға мүмкіндік берген сенсациялық жаңалық ашты [11, 12]. Мен мұны да Тәңірінің қалауымен болған оқиға дер едім Көшпелі түркілерде жазудан гөрі ауызекі (фольклор) қатынас (коммуникация) өте қатты дамыды.

Түркілерде осыған байланысты әртүрлі көне ертегілер мен аңыздарды, лиро-эпостық жыр-дастандар мен шежірені, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді, атадан-балаға ауысқан тарихи жадты ұрпаққа беру жүйесі, тарих айту дәстүрі күшті болды. Оның дәлелі ретінде **әл-Фараби, ибн Сина, М.Қашқари, А.Науаи, Ұлықбектен** бастап небір математик, астроном, дәрігерлер шықты. Мысалы қазір де «жеті атасын білмейтін қазақ – қазақ емес» деген ұғым бар. Салт-дәстүр бойынша жастардың жеті атаға дейін үйленбеуі қан тазалығын, иммунитетін күшейтетін тектік қорды сақтады. Археологтар VI ғ. түркі қағанатының теңгесін (монета) тапқаны сол уақыттарда ұлы Жібек жолында сауда-саттық, тауар-ақша айналымының болғанын дәлелдейді. Ал ескі түркі күнтізбе ең күрделі күнтізбенің бірі болды. Түркілер кім дегенге, Вигер былай дейді: «олар бойы қысқа, мығым, дөңгелек үлкен басты, беттері жалпақ, алға шығыңқыраған жақты, кең танаулы, қалың мұртты, кішкентай

қатты аз-маз шашы иегінде, ұзын құлақ, әсіресе көздері өткір...» деп суреттеген.

Б.з.д. VI-V ғасырларда Түркі қағанатының әлемдегі ең үлкен армиялардың бірі болған II Кир мен Дарий патшалардың әскеріне қарсы тұруы, б.з.д. VI-V ғасырларда Еуропаны жаулап алуы, ал XIII ғасырда жарты әлемді алуы, бір Құбылайдың өзі ұрпақтарымен Пекинде отырып Қытайды 100 жыл басқаруы және т.б. – әлемді мойындату дер едім.



Сурет 3. Түркі империясы


Түркі тегінен шыққан билеушілер Қытайдың көптеген императорлар династиясының негізін қалады, Иранды бірнеше рет басқарды, ортағасырларда Алжир, Дамаск, Каир, Ыстанбұл, Бағдат, Пекин, Дели тақтарына отырды. Ал XIV ғасырда Осман империясын құрды. Орыстың атақты армия басшылары Суворов, Кутузов, Ушаков, Ермолов т.б. казактарды қоспағанда, олардың түркі тамыры бар. Бірақ, Ресейдің ресми билігі мұны айтқан жоқ [12]. Шыңғысхан ұрпағымен ата заң жасап, онда дінге бостандық, бір тәңірге, аспанға (қазір космос), Құдайға сену деп, жаулап алған жерлердегі барлық халықтарға теңдік берді. Олнегізінен тәңіршілдік – түркілердің нежелгі дүниетанымынан бастау алған. «Люди разной веры должны жить в мире – провозгласил Чингизхан – мы вновь станем братьями» [13]. Осындай саясаттың арқасында XIII ғасырдан бастап қауіп-қатерсіз Ұлы Жібек жолында өз өмірлеріне алаңсыз саудагерлер Батыс Еуропадан Қытайға дейін сауда қатынасынемін – еркін жүргізді. Бұл жағдай өркениеттердің бірін-бірі байытып, толысуы мен дамуына үлкен септігін тигізді.

Мәңгілік ештеңе жоқ, әрине, тарих, уақыт, даму өз дегенін жасады. 13 ғасырға созылған түркілердің үстем билігінен соң, тек XVI ғасырдан бастап түркі көшпенділері Еуропа елдеріндегі ғылыми-техникалық прогрестен туған жойқын атқыш қару «артиллерияға» жол бере бастады. Бұған қазір бар болғаны үш-ақ ғасыр

өтті. Егер осылай кете берсек, енді әлемдегі атомнан бастап, әртүрлі бактериологиялық, химиялық тағы да басқа дрондық, жасанды интеллект, роботтық жойқын күштер әлемді әп-сәтте жоқ қылуы мүмкін.

Бүгінде Еуразия, Африка, Австралия континенттерін т.б. құрлықтарды алып жатқан жалпы 1,3 млрд. мұсылман халқының, оның ішінде түркі тілдес елдерінің мыңдаған ғасырлар бойы дүниежүзілік өркениет дамуына қосқан үлесі орасан зор. Еуразияның ұланғайыр даласында мыңдаған жылдардан бері ғұмыр кешіп келе жатқан түркітілдес халықтардың арғы аталары: скифтер, сақтар, ғұндар адамзат тарихының алғашқы жол сүрлеуінде айқын із қалдырды. Олардың жан-жануарларды бейнелеген аса нәзік өнер туындысы болып саналатын әшекей бұйымдары мен атақты көсемдерін жерлеген алып қорғандары күні бүгінге дейін барша әлемді тамсандырып келеді. Жер қайысқан қолмен келіп сақтарды жауламақ болған парсы әміршісі II Кирге тойтарыс беріп, елі мен жерін қорғап қалған **Тұмар (Томирис) ханша** (б.з.б. 570-520); жастай өліп, алтынмен апталып жерленген, көпшілікке «Алтын адам» деген атпен белгілі сақ ханзадасы (б.з.б. 5-4 ғасырлар); Еуропаны дүр сілкіндіріп, Рим империясының іргесін шайқалтқан ғұндардың патшасы Аттила (410-450) сияқты тұлғалар сол замандардың өшпес бейнесі болып қалды.

Шыңғыс хан мен Әмір Темір Тынық мұхитының жағалауынан Еуропаның Вена алқабына дейін, Еуразия құрлығында үлкен империя құрды. Негізгі байлық осы кеңістікте болатын. Бұл дүниежүзілік тұрғыдағы аса үлкен күш-қуат. Осы жойқын күшті армиядан қорыққан Еуропа елдерінің жағдайы нашар еді. Олар бір-бірімен соғысып жатты. Егер, сол кезде ұшы-қиыры жоқ жердің алшақтығы, климаттың суықтығы болмаса және де сол уақыттарда Еуропаны жайлаған жұқпалы ауру (чума) болмаса, мүмкін, Батыс Еуропаның төрінде түркі әскерінің отырмасына кім кепіл? Онда Еуразиялық өркениет қалай жүререді?.. (сурет 4)



4 сурет. Шыңғысхан империясы

Тарихи тағдыр Еуропа дамуына жаңа арна қосуда. Себебі, Таяу Шығыс, Африка елдеріндегі толқулар, болып жатқан соғыс т.б. келеңсіздіктер миграциялық

процесті үдетуде. Келешекте осы елдердің миллиондаған халқы (дені мұсылмандар) Еуропадағының елдеріне кіріп халықаралық интеграциялық процесті тездетеді. Әлі алдымызда не күтіп тұрғаны белгісіз.

Мынау жаһандану процесінде әлемнің даму тарихын ескеру, сонымен қоса, әрбір ел мен аймақтың рухани-мәдени құндылықтары мен шынайы отандық тарихты қолдану өте маңызды іс-шара. Түптеп келгенде осылардың барлығы әлемдік тәртіптегі жаңа ғаламдық стратегияны жасауға өз септігін тигізуі керек.

Екінші сұрақ туады: «Неге түркі әлемі Рим империялары сияқты осындай империялық мемлекет бола тұра кейін шашырап кетті. Қазіргі түркі тілдес елдердің қайта өрлеуге мүмкіндігі бар ма және өзінің жаңа өркениеттік спиральмен дамуға қандай әлеуеті бар?» - деген сұрақтар мені толғандырады.

Бұған біржақты қарауға болмайды, себебі, тарихтан білеміз, әлемде небір империялар болды. Олар тарихта ондаған, жүздеген жылдар өз орнын алып, жалпы әлемдік өркениетке қызмет етті, дамуға серпін берді. Бірақ, тарихтың дамуына байланысты әсіресе ғылыми-техникалық прогрестің тез жүруіне байланысты түркілер деформацияланып, кейде басқа жаңа біріккен ел, талай ұлттық мемлекеттерге айналды, кейде кейбір тайпалар жер бетінен құрыды да. Кезінде әлемдік 6 империяның бірі болған Түрік империясында да осы тарихи логикалық үрдіс орын алды.

Түркі халықтарының адамзаттың өркениеттік дамуында алатын, қосқан үлесі де мол екенін өмір дәлелдеуде. Оның басын Түркі ғалымы К.Маршан Түрік өркениетінің бар екенін біріншілердің бірі болып дәлелдеген. Түрік өркениетін зерттеген ғалымдар: Қадырәлі бек, Н.М.Ядринцев, Э.Паркер, Суян Сю, М.Х.Дуллати, К.А.Иностранцев, Н.Я.Бичурин, В.В.Радлов, Л.И.Лерх, Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Бартольд, С.П.Толстов, А.З.Уәлиди, Л.Н.Гумилев, Я.Груссэ, М.Аджи, А.Дж.Тойнби, Л.Р.Кызласов, Норберт Эдвард, Г.Файзрахманов, Т.Рысқұлов, С.Ж.Асфендиаров, Ә.Х.Марғұлан, У.Шәлекенов, Қ.А.Ақышев, К.М.Байпаков, Р.Рахманалиев, Н.С.Трубецкой, Б.Е.Кумеков, О.Смағұлов, С.Ахматнуров, С.Ш.Аязбекова, Н.Амрекулов т.б.

Қазір жалпы түркі тілдес халықтарының саны 200 миллионнан асады. Әрине, бұлар бұрын Еуразия құрлығының әр жерінде шашырамай, бір жерге жиналғанда, қазіргі түркі елдері АҚШ пен Қытайдай аса ірі, дамыған мемлекет болар ма еді? Болар іс болды, мұндай мүмкіндікті біздің тегіміз пайдалана алмады. Оларды бір-біріне айдап салуда болды. Мүмкін, олар бір-бірімен соғыспай, бірігіп басқа елдерді алғанда басқаша болар ма еді?! Қазір бәрі өткен соң жорамалдап айта беруге болады, бірақ, менің ойымша Түрік империясында көп жылға бағытталған стратегиялық жоспардың сол кезде болмағаны айқын. Қазір ежелгі Түрік қағанаты 6 мемлекет және үлкен-үлкен автономиялар (Татарстан, Башқұртстан, Сақа, Тува, Хакас, Чуваш, алтайлықтар, ұйғырлар т.б.) болып отыр. ХХІ ғасырдағы ендігі мақсат – осы түбі бір Түркі халықтарының басын бір бірінен алшақта жүрсе де жаңа үрдіспен қалай қосамыз, қалайша интеграциялаймыз? Осыған байланысты қандай идеялар, жобалар бар. Міне, осыларды ойлап, іске асыру қажет деймін.

Ертеде халық аузында жүрген түрік туралы бір аңыз бар «түрік дегеніміз – теңіз астында қабында уақытша жатқан бағасы жоқ бір маржан секілді. Бірақ ол теңіз қойнауынан сыртқа шыққанда патшаның басына киетін тәжіне, отыратын тағына айналатын үлкен құндылыққа ие болады [13].

Бүгінде біз, сол тарих теңізінің түбінде жатқан гауһар маржандарымызды

көтеріп, Түркі тілдес халықтарының басын қосып, рухани құндылықтарымызды олардың дамуына серпіліс беру арқылы пайдаланып, дамыған капиталистік елдермен бәсекеге түсуіміз керек. Шамамен, осы ғасырдың орта шеніне дейін дүниежүзінде Түркі әлемі өз орнын ойып алуы тиіс. Егер, біз мұны жасай алмасақ, онда дамыған капиталистік елдер бізді бөліп-бөліп өркениеттік жолдан сыртқа шығарады. Тек осылай амбициялық мақсат қойып, оған қол жеткізсек, Түркі әлемі дүниежүзінде ең биік дәрежеге, бағаға ие болуы мүмкін. Бұл мәселеде мемлекет басшылары мен ғалымдардың, зиялы қауымның орны өзгеше.

Қазіргі Түркі әлемінің экономикалық әлеуетін алсақ, жылда өтетін дүниежүзілік Давос экономикалық форумының ғаламдық бәсекелестік көрсеткіштері бойынша біздің жағдайымыздың әлі нашар екенін көруге болады. 2019 жылдың жаһандық бәсекелестік индексі бойынша алдағы 50 елдің ішіне бірде бір түркі тілдес мемлекет жоқ: Қазақстан 55, Азербайжан 58, Түркия 61, Қырғызстан 96 орында болса, Өзбекстан мен Түркменстанның Давос экономикалық форумына көрсеткіштері енбеген. Ал тереңірек қарасақ, Түркі тілдес елдері денсаулық, білім, ғылым мен технология, қаржы жүйесі, әсіресе бизнес, инновациялық дамудан көп артта келеміз (80-100 орындамыз). Бізге осы көрсеткіштерге, әсіресе, жаңа білім, ғылым мен технологияға аса мән беру қажет[14,15].

Менің ойымша, Түркі әлемі елдеріне ХХІ ғасырдың өркениеттік пойызының соңғы вагонына міну үшін бізге үдемелі дамудан басқа жол жоқ. Ол үшін **Түркі елдерінің басын қосатын бір интеграциялық идея керек**. Жаһандану процесінде әлемдік өркениетті алып қарасақ, оның ішінде G7 мемлекеттерінің дамыған жолын таңдай келе, біз олармен экономика, жаңа технология, экология, қауіпсіздік, космосты игеру салалары бойынша бәсекелестікке түсе алмаймыз және көп арттамыз. Мысалы, ғылыми-техникалық прогрестен, технологиялық укладтарды игеруден, оның ішінде 6-ТУ игеруден кем дегенде 40-50 жылға артта қалып қойдық.

Дамыған мемлекеттермен бәсекелестікке түсіп, алда болатын Түркі әлемінің бір ғана жолы бар, ол түбі тереңде жатқан рухани, тарихи-мәдени құндылықтарымызды жаңғыртып, оларды бірге көтеру...

Әлем спиральмен дамуда, мұны ДНК-дан да көруге болады. Леонардо да Винчидің сәулеті де, «боевое искусство» да спиральмен қимыл көрсетеді. Адам да өмірге тез икемдікеледі, майысқақ спираль сияқты қиын жерлерді айналып өту, кенеттен тез жол табу т.б. Ал қазіргі жағдайды алсақ, ғылыми-техникалық прогресс арқасында тез дамудамыз, жаңалықтаркөп: нанобиотехнология, генинженерия, ақпараттық-коммуникациялық технология, космостық технология, Интернет арқасында. Ал екінші жағынан әлем күрт өзгеруде, кейдеертең не боларын білу қиын. Бұл адамзатқа қауіпқатер әкелмейме деген күдікті көбейтеді. Айналанақарасаң, солай да болып жатыр: атыс-шабыс, соғыс ошақтары, экология, климаттың жылынуы, миграция т.б. адамзаттың ізгілікті дамуына бір сенімді бағыт-бағдар керек сияқты

Кейінгі кезде әлемде саяси-экономикалық және жаһандық өзгерістерге байланысты әлем жаңа өркениетке көшу алдында тұр. Дамыған елдер өркениеттің кульминациясына жеткенде, тек өздерінің көңіл-күйін көтеру сияқты мәселеге әуес болып, тек өздері байып, тұтыну қоғамына айналып кеткені қазір байқалып қалды. Өкінішке орай, уақыттан ұтылып, рухани құндылықтар мен мораль мәселелері

екінші орында қалып қойып, материалдық қажеттіліктер алға кетіп қалды. Ештен кеш жақсы демекші, енді кеш те болса бетті адам капиталына бұруға тура келіп тұр. Мұның өзін осыдан біраз жыл бұрын миллиардер Б.Гейтстің өзі де мойындап, меценаттықпен айналысуда. Енді алда не күтіп тұрғанын болжау қиын болып барады. Бірақ, түркі тілдес елдері өздерінің рухани мүмкіндіктерімен өте жоғарғы фазада тұр. Бұл біздің капиталисттік елдерден артық басымдылығымыз.

Бір ақиқатты айтып өткенді жөн көрдім. Тарих та саясатсияқты, Г.Уилсонның айтуынша, «искусство возможного» дейді [3]. Әсіресе бізге, түркі тілдес халықтарға ертедегі жазба деректердің жетпегендігінен сол кездегі қоғам мен мәдениеттің дамуының біраз сәттері жұмбақ сияқты болды. Сондықтан, Түрік өркениетінің, әсіресе көне ғасырлардағы даму үрдістері бізге ақтандақтар ретінде қалуда. Алтын Орда ыдырағаннан кейін түріктердің бөлшектеніп кеткенін пайдаланып, Ресей Орталық және Шығыс Азияны отарлап, түркі тілдеселдерді 300 жылдан астам отаршылдықта ұстады. Содан кейін 70 жыл кеңес одағындағы КПСС-тің бодандығында болғанымыз шынайы тарихты жазуға ешқандай мүмкіндік бермеді. Дж.Неруайтқан: «отаршы елдің тарихы нотарлаушылар жазады», - деп. Бір ақадамда резінің тарихын ұмытқысы келмей, тарихты ертенге шындық ретінде бір-біріне, атадан-балаға ауыз екі түрде тіліне салып, миына құйып отырған.

Қазіргі ғылыми техникалық прогресстің арқасында жаңа технологиялар, космостан түсірілген археологиялық ізденістерде, шетелдердегі артефакторды алдыруда, әсіресе тарихта алғашқы кітап басып шыққан кездерді ғылыми ізденістер жасауға үлкен мүмкіндіктер туғызады, жаңалықтар ашылады. Олар қазіргі жастардың қолында болады деп сенеміз. Тарихи әділеттілікті орнына келтіру үшін – Қазақтың шынайы тарихына ізденіс жасап, қайта толықтырып, ұлттық көзқараспен жазып шығу біздің парызымыз. Оған тәуелсіз мемлекет болған соң **«Қазақтарихы»** деген жобаға грант және қомақты қаражат бөліп, мемлекеттік тапсырыс керек.

Менің миссиям түркі дүниесіне байланысты қазіргі әлемдік жағдайымызды саралап, жазба деректерді пайдаланып, оларды електен өткізіп, әсіресе алдағы болатын ізгілікті қоғамның дамуына өз үлесімді, көзқарасымды қосу, кейбір жобаларымды пайда тиер деген үмітпен ұсыну болып табылады. Мүмкін, тағдыр біздің замандастарымызға ХХІ ғасырда түркі әлемінің дамуына серпіліс беру арқылы дамыған мемлекеттермен бәсекелес болу үшін осы қадамды жасауға мүмкіндік берген шығар.

Түркі әлемін ХХІ ғасырда қайта жаңғырту үшін мынандай жобалар, іс-шаралар ұсынамын:

1. Түркі тілдес алты мемлекет, тағы да басқа түркі тілдес халықтар бірігіп **«Түркі өркениетін жаңғырту туралы стратегиялық 2050 жылға дейінгі империялық концепция және бағдарламалар»** қабылдау қажет. Бұл мегажобаның атын «Алға Түркілер – Ашина 2050» деп атаса жақсы болар еді, шыққан көне тегімізді білдіріп тұратын.

2. Басымдылық ретінде арнайы **«Түркі әлемінің рухани дамуына серпіліс беру»** туралы (тарих, білім, ғылым, денсаулық, мәдениет, дін, тіл т.б) нақты қаржымен қамтамасыз етілген интеграциялық біріккен бағдарламалар қажет. Ғұннан бастап бүгінгі тарихымызға дейін тез арада **«Түркі империясы»** деген 3 мың жылдық тарихты қамтып 30 сериялық тарихи деректі танымдық фильм жасау керек. Бұл фильм – бүкіл түркі халықтарын жаңа рухта тәрбиелеуде жаңа

идеология болар еді.

3. Әлемдік деңгейде **«Түркістанда ғұн дәуірінен қазірге дейінгі тарихи, мәдени, географиялық панорамамузей»** жасау. Мұның екі түрі болса: бірі – жабық мекемеде, ал екіншісі – Ұлы Жібек жолы бойында **«көне түркі өркениетінің ашық музей – мәдени қалашығы»** салынса. Бұл музей қалашықта логистикалық хаб, көне тарихи жәдігерлер, тарихтан үзінділер ретінде ескі қалалар макеті (Суяб, Тәжмахал, Баласағұн, Отырар, Самарқан, Тараз т.б), Ботай мәдениеті, пантеондар, кесенелер (Мөде, Томирис, Атилла, Бұмын, Иоллығтегін, әл Фараби, Шыңғысхан, Әмір-Темір, Құбылай, Бейбарыс, Ұлықбек, Сүлеймен Сұлтан, Ататүрік т.б), монументтер, ірі тарихи шайқастар. Мысалы бұл музей қалашықта Сырдария бойында Шыңғысханның 700 мың атты әскерімен Хорезм сұлтаны Мұхаммедтің әскерінің, екі жақтан 1,5 миллион адамның үш күн, үш түн бойы соғысқан панорамасын салу әлемде жоқ дүние болар еді [16]. Бұл тарихи шайқас әскердің саны жағынан бұрын соңды әлем көрмеген үлкен жойқын соғыс болған. Ұлы Жібек жолы, Ұлы көш карталары т.б. салынса, мұндай теңдесі жоқ музей қалаға әлем халқы келіп тамашалар еді.

4. Түркі мемлекеттерінің жылдық экономикалық өсімі 5-6%-ға өсетіндей бағдарлама жасау керек. Жаңа технология, жасанды интеллект, роботизация, Интернет ресурстарын тиімді пайдалану жобалары жасалу қажет. Әр мемлекетте Ұлы Жібек жолын жандандыруға үлкен серпіліс беретін мега жобалары, рухани – логистикалық хабтар болу керек.

5. Ауылды жаңарту, ауылшаруашылығын дамытуға басымдық беру. Түркі әлемі өзінің үлкен жер байлығымен, азық-түлік өндіру мүмкіндігімен әлемнің бірнеше елін тамақтандыра алады. Түркі әлемі келешекте азықтүлік державасына айналуы мүмкін. Ол үшін әр елде «Түркілердің ХХІ ғасырда ауыл кластері» бағдарламасын жасап, іске асыру қажет.

6. Түркі әлемінің даму жолын саралау және алдағыны жоспарлау ғылыми орталығын құру керек (Алматы, Ыстанбұл, Ташкент). Әртүрлі ғылыми лабораториялар ашу. Мысалы, **«Түркі әлемінің генетикалық лабораториясын ашу»** т.б. жаңа өркениеттің сұранысына байланысты ғылыми орталықтар ашу. Түркі мемлекеттерінің ғалымдары бірігіп **«үш мың жылдық Түркі тарихын»** қайта қарап, тағы бір електен өткізіп, жазып шығып, оны бүкіл әлемге тарату керек.

7. Жоғарыда айтылғандардың бәріне бір нүкте қоятын, алтын сандықтың шегесін қағатын ол 6 мемлекеттің және тағы басқа автономиялы республикалар басшыларының осы мәселеге арналған «саммиті» болуы керек. Оған қоса бүкіл түркі әлемі халықтарының құрылтайын өткізу қажет. Сонда бәріне ортақ **«Ұлы түркі өркениетінің декларациясы»** қабылданып, оны іске асыратын барлық шешімдер және ішаралар болуы тиіс.

Алдағыны болжасақ, Түркі әлемі тарихтағы өзінің терең өркениеттілігі және қазіргі бар әлеуетімен ХХІ ғасырда әлі де болса бұрынғы Мөде, Бұмын, Мұқан қағандардан бастап т.б. ата тегіндей, әлем тарихында екінші рет алға суырылып шыға алатын мүмкіндігі бар. Ол түркі халықтарының бірлігі мен алдағы уақытта 200 млн астам адам потенциалы және жаңа технологияларды қалай тиімді пайдалануға байланысты болмақ. Оған қоса, Түркі халықтарында бұрынғы тектен келе жатқан Еуразия халықтарын интеграция жасауға қабілеті бар екенін айтқанымыз жөн. Әлем шытынап тұрғанда, біз біріге алсақ болғаны. Түркі халықтарының алдында жаңа өркениеттік спиральмен даму жолы күтіп тұр. Ол Сіз

бен бізге байланысты болмақ, түбі бір түркі халқым!

Жаһандану құбылысын ешкім тоқтата алмайды. Тек бірақ жол – ол халықтардың бірігуі. Түпкі мақсат Еуроодақ (ЕС) сияқты бүкіл түркі халықтарын, мемлекеттерін біріктіріп «Түркі тегі» (ТТ) деген одақ құру. Осы ТТ одағы келешекте «ЕС, НАТО, САО» сияқты түркі әлемін қорғайтын күшті өз әскері, қарулы күштері бар ұйым болу керек. Сонда ғана дамыған алпауыт мемлекеттер бізбен санасатын болады. Түркі тегі дегеніміз Еуразиядағы түркі тілдес елдерінің, халықтарының бірлігін сақтау, олардың тарихы, мәдениеті, діни, этникалық құндылықтарын жандандыру, әрі дамыту жүйесін жасау арқылы империялық деңгейге көтерілу.

Алдағы уақытта сен кімсің десе? Мен қазақпын, түрікпін, өзбекпін, қырғызбын, түркмен, әзірбайжанмын деп айту аздық етеді. Мен «Түркі-тегімін» деген сөз әрқайсымыздың тілімізден шықса, әр үйде, әр адамның жүрегінде, маңдайында жазылып тұрса бірлік сол болар еді. Бір ортақ тіл керек, Біздің Ұлы Жібек жолы бойында қайта жаңғыратынымыз сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Зиманов С. Полные собрания сочинений. 10 томов. Алматы. Медиа-корпорация. «Заң», 2009

2 Норберт, Эдвард. Homo Sapiens Краткая история эволюции человечества. М.: Аст, 2019. 480 с.

3 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 том. Алматы: «Атамұра», 1996. 544 б. (264-265-б.).

4 Қызыласов Л.Р. Городская цивилизация срединной и северной Азии: исторические и археологические исследования. М., 2006. 360 с.

5 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в средней Азии в древние времена. М- Л.: Изд. АН СССР, 1950.

6 Аджиджи М. Великая степь. Приношение тюрка. М.: Аст, 2017. 671 с.

7 Ахатнуров С. Распад Тюркского каганата VI-VIII в.в. с. 33-34.

8 Ал-Ала Ибн Хассул. Книга о превосходстве Тюрков над другими войнами. // Drevlit.ru/ trxts/i/ibn_hassul.php

9 Паркер Э. Татары. История возникновения великого народа. М., 2008. 223 с.

10 Груссе Р. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан

11 Ахматнуров С. Распад тюркского каганата VI-VIII вв. М. 2015. 176 с.

12 Осборн, Рождер. Цивилизация. Новая история западного мира. М.: Аст, 2018. 768 с.

13 Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации. М.: РИПОЛ классик. 2015 -704 с. 13 Аджиджи М. Азиатская Европа. М. АСТ, 2014 -1128 с

14 Сабден О. 25 томдық экономика таңдамалы еңбектері. Алматы, 2017

15 Сабден О. Әлем, түркі өркениеті, Қазақстан және болашақтың концепциясы. 596 б. Алматы. 2021

Досай Кенжетай

философия ғылымдарының докторы, профессор.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті жанындағы «Исауитану» ғылыми-зерттеу институтының директоры. Түркістан, Қазақстан

ЕГЕМЕН БОЛМАЙ ЕЛ БОЛМАС:

ИАСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

Ясауи мұрасы мен ілімі – барша мұсылман баласын бірлікке, ішкі тұтастыққа және діндерарасы татулық пен толеранттылыққа шақырады. Бұл жолдың ұстындық негізі – Құран, діни тәжірибесі мен психотехникалық жүйесі – ар, танымдық негізі – болмыстың бірлігі, мағрифат және ақиқаттан тұрады. Иасауи ілімінің ең басты төрт ұстанымы мен шарты: заман, мекен, ихуан, рабти сұлтан - қазақ мемлекеттілігінің негізгі құрылымдық тірегі болды. Иасауи ілімі құқықтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, діни-танымдық (доктриналық) жағынан имам Матуридидің мектебіне негізделген, түркі халықтары арасында кең тараған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің кені. Қожа Ахмет Иасауи - жалпы түркі руханият кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, ойлау қалыптары мен дүниетанымдық жүйемізге исламдық құндылықтар негізіндегі ар түзейтін ғылымның моральдық-этикалық арнасы мен үлгісін көрсетіп кеткен тарихи тұлға.

Бүгінде Иасауи ілімінің мәні, маңызы мен ерекшелігі туралы сөз қозғау тарихымыздың өткені мен бүгінгі арасындағы рухани арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан үшін Иасауи ілімі дәстүрлі түркілік дүниетаным және ислам өркениеті арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз еткен сара жол болуымен қатар бүгінгі заманға сай социопсихологиялық, феноменологиялық ойлау жүйесі мен нақты тұжырымдамаларға бай, адамды жаңа мән-мағынамен сомдайтын және рухани азық беретін ілім ретінде ұлттық болмыстық тұғырымызды танудың негізіне айналып отыр.

Біріншіден, Иасауи дүниетанымы – адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін ілім. Ал бүгінгі ашық және демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстанның тәуелсіздігі мен еркіндігін баянды ету үшін ең алдымен «еркін ойлайтын» адамдарға деген зәрулік бар. Еркіндікті баянды ету саяси шарттардан бұрын рухани ар-ождан құбылысына тікелей қатысты. Бұл туралы елбасы Н. Ә. Назарбаев, “...Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр^[1]”, - деп, мемлекеттіліктің тұғыры етіп мәдениетті, ал мәдениеттің бастауы ретінде де ділді, даналықты көрсетіп отыр.

Екіншіден, Иасауи ілімі - қоғамдық-әлеуметтік ынтымақ пен бірлікке ұйытқы болатын даналықтың (хикметтің) үлгісі. Яғни, оның ілімі адамдар арасындағы өзара тең сұхбаттың, бауырластықтың, махаббаттың діни-рухани ұстанымдарын қамтитын біртұтас тұжырымдамалар жүйесі болып табылады. Егемен Қазақстандағы мұсылмандық пен христиандық сияқты екі дін өкілдері арасындағы төзімділік пен кеңпейілділіктің кілті де адамға деген махаббаттың ақиқатын паш ететін осы Иасауи ілімінде жатыр. Иасауи қазақ мұсылмандық түсінігінің негізін қалаушы ұстаз ретінде нағыз мұсылман бірге табақтас болып отырған адамдардың дініне, тегіне мән бермейтін адам деп анықтама береді. «Кәпір де болса зарар берме» – бұл Иасауи ілімінің ұстанымы. Адамзат тарихында өткен ғасырға дейін

мемлекеттік жүйе өз болмысын саяси билік пен діннің тұтастығы арқылы жүзеге асырып келгендігі мәлім. Сол сияқты алғашқы қазақ хандығы болмысының мәнінде де ислам жатыр. Сол кездегі Қазақ хандарының кеңесшілері де Иасауи ізбасарлары болғандығын тарихшылар да растайды. Бұл туралы Қазақ мемлекетінің құрылуындағы Иасауидің маңызын елбасымыз Н.Назарбаев “...Түркістанның жаңа қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес еді. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып алған-ды. Бұл исламдық руханиятта ерекше орын иемденетін айтулы сопылық мектептің негізін салған шайқы, ғұлама ақын, Қожа Ахмет Иасауидің жан-жақты ұстаздық және уағызшылдық қызметінің арқасы еді”, - деп бағалайды. Сонымен қатар Махмұт Хазинидің Иасауи жолы туралы осыдан бес ғасыр бұрын қалдырған «Жауахир ал Абрар мин Амуаж ал Бихар»^[2] еңбегіндегі адамның кемелдікке жетуіндегі алғышарттар ретінде көрсетілген “отан”, “елде тыныштық”, “бауырластық” пен “мемлекет басшысына беріктік” ұстанымдарынан қазақ мемлекеттілік жүйесінің де Иасауи ілімімен байланысты екендігін көруге болады.

Иасауи іліміндегі осы ұстанымдарды бүгінгі күн тұрғысынан талдап, түсіндіретін болсақ, бірінші «макан», бұл кеңістік яғни, Отан. Негізгі отанға барғандағы адамның орны оның осы отандағы атқарған іс әрекеттеріне байланысты. Сондықтан Иасауидің отан ұстанымы – ең басты тұғыр. Отан – Алланың сынақ кеңістігі. Осы кеңістіктегі өткізген уақытың – сынақ мезгілі. Осы отанды көркейту, қорғау, сүю арқылы негізгі отандағы орныңды анықтауға болады. Пайғамбарымыз да «отандысүюиманнан» деген.

Екінші ұстаным «заман», бұл уақыт, яғни отандағы тыныштық. Отанда тыныштық, бейбітшілік, тұрақтылық болмайынша Алла мен адам арасындағы рухани байланыстың сапасы болмайды. Еңбастысы адамның рух хәлі құбылмалылығын тоқтатпайды. Ал бұл күйзеліс, яғни психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси тұрақсыздық деген сөз. Осы отандағы барлық тыныштықтарды қамтамасыз ету адамның Алла алдындағы жауапкершілігіне кіреді.

Үшінші ұстаным «ихуан», яғни бауырластық. Отандағы барлық адамдардың өзара туыстықта, бауырдай бір-біріне деген жанашырлығы мен қамқорлығы үстемдік құруы керек. Отанда адамдар арасындағы өш, кек, дұшпандық деген теріс әлеуметтік, психологиялық пиғылдар Алланың құдайлық жүйесіне қарсы. Бұл пиғылдар ертең негізгі отанға барғанда адамды Алла алдында ұятқа қалдырады. Ал Иасауи ілімі бойынша Алла алдында ұялудан асқан ұят жоқ. Ұят - беттің, рухтыңпердесі. Ұят – жанның тыныштығы.

Төртінші ұстаным, «рабт и султан», бұл мемлекет басшысына беріктік, яғни осы отандағы барлық жауапкершілікті, тыныштықты, туыстық пен ынтымақты, Алламен рухани байланысты құдайлық жүйеге сай орнату үшін мемлекет басшысының еркі адамдардың еркінен үстем тұруы шарт. Сонда Құранда көрсетілген жақсылықта, ізгілікте жарысу, қауымдардың бір бірінен үйренуі жүйесі жүзеге асады. Міне бұл ұстанымдар Иасауи бабамыздың Құран негізінде түсіндірген тарихи, мәдени, социопсихологиялық және моральдық, саяси тұғыры бар жосындар.

Бүгінгі қазақ қоғамына Исламды, оның пайғамбарын жүйелі түрде түсіндірген Иасауиді танымай тұрып, бүгінгі ислам туралы мәселерді тану, шешім жолдарын

табу мүмкін емес. Бұл ұстанымдар пайғамбарды адамзатқа үлгі ретінде («усват ал хасана») жіберген Алланың қалауына да сай. Бұл қалау туралы түркі ислам философиясында арнайы еңбек жазған Фараби атамыз болатын. Ол пайғамбарды адамзатқа жіберген парасатты басшы, парасатты қоғам орнатушы, моральдық адамгершіліктің үлгісі ретінде дәріптейді. Түрікшіл ақын Мағжан да «Түркістан екі дүние есігі» деп бекер айтпаған. Себебі екі дүние есігіне ену үшін Иасауи ілімін тану керек.

Соның бірі, дәстүрлі түркілік дүниетаным - Иасауи ілімінің қалыптасуындағы негізгі құндылықтық бастаулардың трансформациялық тұғыры мен ұстындық негізі. Бұлай деуіміздің негізгі себебін Иасауидің методологиясынан көруге болады. Иасауи ілімінің ислам өркениеті мен дәстүрлі түркілік дүниетаным арасындағы еркін сұхбат (аксиологиялық (құндылықтық)-социо-феноменологиялық диалог) негізінде қалыптасқаны белгілі. Иасауи дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарды исламдық ұстындармен үйлестіріп, нәтижеде екі мәдениет арасында тепе-теңдік қоя отырып “еркін сұхбат” құра білді. Ал Иасауидің еркін сұхбат ұстанымы кешегі маркстік диалектика сүйенген “дамудың қажеттілігі” ұстанымынан мүлдем басқаша. Мысалы, оның методологиясында және ислам философиясында ойлау процестері жалпы адамзаттық даму сатылары ретінде аңыз, дін, философия, ғылым деп қарастырылмайды. Бұлар – бірін-бірі толықтырып тұратын, белгілі қызметтік (функциялық) кеңістіктері бар, өзара тең дәрежедегі ақиқатты түсіндіру формалары. Бұлардың арасында тепе-теңдік пен үйлесімділік болғанда ғана адам еркін ойлай алады. Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы бақытқа ұласуды және Тәңірмен байланысты қамтамасыз ететін метафизикалық-символдық құбылысты білдіретін “Көктің тірегі”, киіз үйдің “шаңырағы” сияқты түсініктер исламның енуімен формалық және мазмұндық өзгеріске ұшырап, мұсылман түркілерде “құтб” яғни, тірек ретінде жалғасын тапқан. Яғни Тәңірмен байланыс сопылық дүниетанымның енуімен бірге ешқандай құралсыз (Жерұйық, Шаңырақсыз) тікелей кемел адам арқылы жүзеге асатын болды. Мысалы, мұсылман түріктер “қутб-ул ақтаб”-тіректердің тірегі ретінде ілімі және рухани жолы арқылы Тәңірге жөн сілтер ұстаз деп Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауиды таныған. Сонымен қатар дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы жер Тәңірдің берген құты, сыйы (идук) деген түсініктер сопылық дүниетаным арқылы Тәңірдің “көрінісі”(тажалли) ретінде ұғыныла бастады. Яғни әлем Тәңірдің сипаттарын көрсететін, Оның “Бар” және “Бір” екендігін негіздейтін кеңістік ретінде жаңа түсінікке ие болады.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда адам әлемнің үйлесімділігіне қызмет ететін болса, Иасауи ілімінен кейін әлем адамға қызмет ететін, Тәңір тарапынан жаратылған болмыс ретінде танылады. Өйткені исламдық дүниетаныммен бірге адам “әлемнің кіндігіне” айналды. Яғни адам әлемнің рухы дәрежесіне көтерілді.

Бұрын әлем мәңгілік деп есептелетін болса, Иасауи ілімінен кейін әлем өткінші сипатқа ие болды. Абайдың тілімен айтқанда “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” деген түбегейлі дүниетанымдық, сенімдік өзгерістерге жол ашты. Дәстүрлі дүниетанымдағы әлемді кеңістіктерге бөлу арқылы мағыналандырылған құндылықтар жүйесі енді жаңа сапалық мәндегі тұтастыққа жетіп, барлық әлемдік қабаттар, кеңістіктер мен бағыттар Тәңірдің сипаттық ақиқатына айналады. Яғни бөлулер тұтастыққа орын берді. Әлемнің құрылысындағы құбылыстар мен ерекшеліктер тікелей адамның рухани хәлдері мен моральдық психологиялық

мақамдары ретінде түсінікке ие болды. Қысқаша әлем адамға айналады. Яғни болмыс тұтастық, бірлік (таухид) сатысына көтерілді. Осылайша адамның әлемдегі орны ислам арқылы кемеліне келді. Бұл процестердің толығымен Иасауи ілімінің негізі болып табылатын еркін сұхбат әдісі арқылы құбылыстық, әрі мазмұндық тұрғыдан жүзеге асқандығын толық айтуымызға болады.

Ежелгі көшпелілер үшін ең ұлы көсем - қаған. Ол ел мен Тәңірі, ел мен қоршаған әлем арасын байланыстыратын көпір ретінде саналған. Қаған Тәңірдің құты арқылы ұлысты, яғни Тәңірдің аманатын басқару құқына лайық бола алады. Бұл түсінікті кейіннен әл-Фараби исламдық дүниетаным негізінде жаңғыртып, өзінің философ-қаған концепциясының іргетасын қалайды^[3]. Бұл концепция бойынша қаған-философ болу, Тәңірдің нұры - “белсенді санамен (ал-фа‘ал ал-‘акл)” құттанғанда ғана мүмкін болады. Әл-Фарабидің осы концепциясы кейіннен Жүсіп Баласағұнидің “Құтадғу-Билиг” атты еңбегінде жаңғырып көрініс берген болатын^[4]. Жалпы “қаған-философ” қандай кісілік болуы керектігі мәселесі әл-Фарабиді тереңінен толғандыруы кездейсоқ емес. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетанымда болсын, жалпы Шығыста болсын ғарыштық үйлесімділіктің сақталуы мен баяндылығын жүйе (низам) емес тікелей адамның кісілігі анықтайды. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетаным бойынша әрбір адам өз орнына лайық болуы тиіс. Көшпелі мәдениеттегі негізгі күш материалды қуат, батырлық, білектілік ретінде дәріптеліп “қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды, қанша шешен болса да, дауға салма малсызды” деген қағида бойынша шектеліп, таразыланып қойылатын болса, ал Иасауи ілімінде батырлық жүректе, ал жүрек болса, Шексіздікті-Тәңірді де сыйдыра алатын адамдағы ең асыл жауһар (субстанция) болып дәріптелген. Бұрын “көп қорқытатын” болса, енді ол жүректілікпен, яғни Құрандық аяттармен азықтанған ар тазалығымен тереңдікке жетіп, Абайша айтқанда, “мыңмен жалғыз алысатын” дәрежеге, рухани кемелдікке көтеріледі. Өзінің орнын анықтау үшін қоғамға тайсалмай кіріп, етене араласа алады. Яғни “өзіндік менін” “қоғамдық менмен” үйлестіре алады, диалог-сұхбатқа түседі. Еркін сұхбатқа түсу үшін алдымен рухтың тазалығы, сенім, жауапкершілік сезімі қалыптасуы керек. Өйткені адамның бойындағы сезім, қорқыныш, үрей, жауапкершіліктен қашу сияқты психологиялық хәлдерді реттеп отыратын күш иман нұры болып табылады.

Қорытар болсақ, Иасауи ілімі табиғаттың өзін адамның игілігі үшін Тәңір тарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамға сәжде етіп тұрғандығын уағыздайды. Барлық жаратылғандардың жаратылыс мақсаты - адам және оның игілігін қамтамасыз ету. Иасауи ілімінде табиғат өзінің жаратылыс мақсаты мен мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Иасауи ілімі - сол ерікті қалай қолдансақ адамдық мәнге жетеміз, Тәңірге лайықты құл боламыз деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәнің ақиқатын табу, өзін-өзі тану жолы. Иасауи ілімі адамның ішкі тыныштыққа жетуі арқылы қоғамда бірлік пен тыныштық орнатуды, адамды іштей бөліну мен ыдырау психологиясынан арылтуды мақсат етеді. Иасауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеуге ықпал ететін күшті уағыздайды, ол - Тәңірге деген махаббат. Абай да «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» деп бекер айтпаса керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Түркістан ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы (Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған ғылыми конференцияда сөйлеген сөзі)// Егеменді Қазақстан. 2000 . 21 қазан. 1-2 б.
2. Hazinî, Cevâhirü'l-Ebrâr Min Emvâc-ı Bihâr (Yesevî Menâkıbnâmesi), Haz. CihanOkuyucu, Kayseri 1995. S.56.
3. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауидүниетанымы. –Түркістан, ТұранБаспасы. 2004, -341 бет. 115-123 бб.
- Yusuf Has Nasip; Kutadgu Bilig. Çev: R.RahmetiArat, Türk Tarih Kurumu Basimevi, Ankara, 1988, Beyit. 211-212.
4. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауидүниетанымы. –Түркістан, ТұранБаспасы. 2004, -341 бет. 115-123 бб.
5. Bennigsen A., Chantal Lemercier-Quelquejay., “Le soufi et le commissaire: Les confreries musulmanes en URSS”, Sufi ve Komisser: Rusya’da İslam Tarikatları., Терсьме eden: Osman Tьrer., Ankara-1988. “Ақчағ Yay”., s.363.
6. Zarcone T., Hindistan’da Türk Tasavvufu: Yeseviyye örneği; çev: Süleyman Derin, Dergah, Sayı:38, Nisan 1993, S.20.
7. Hazinî, Cevâhirü'l-Ebrâr Min Emvâc-ı Bihâr (Yesevî Menâkıbnâmesi), Haz. CihanOkuyucu, Kayseri 1995. S.56.
8. Sebecioğlu E. Tasavvuf Terimleri ve Deyimleri Sözlüğü.-Ankara: Rehber Yay., 1997.-790 s. (760).
9. Hasan N., Hazini (ц.1002/1593-4)’nin Menba’u’L-Ebhar Fi Riyazi’L Ebrar Adlı eseri., Tasavvuf (İlmi ve Akademik Araştırma) dergisi, yıl: 3, Sayı: 7 (Eylül-aralık), 2001. Ankara. 243-248 ss. (243).
10. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират-ул Қулуб). /Дайындаған-Кенжетай Д.Т/- Анкара: Билиг баспасы, 2000.-114 б.
11. Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев.)-Алматы: “Жазушы”, 1988, -560 бет (63-64).

Шермухамедова Нигинахон Арслонхоновна

доктор философских наук, профессор. Заведующая кафедрой «Философия и духовные основы» Национального университета имени Мирзы Улугбека, главный редактор международного журнала «Философия и мир». Ташкент, Республики Узбекистан

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ДИАЛОГА КУЛЬТУР УЗБЕКИСТАНА И КАЗАХСТАНА

Казахстан-Узбекистан как единая историко-культурная целостность на протяжении всей истории жили в мире и согласии. Единство этих народов проявляются в общности традиций, обрядов, отношений к ценностям. «Интеграция национальных культур во всемирную культуру человечества предполагает общий знаменатель, роль которого наилучшим образом выполняют общечеловеческие ценности – нормы и принципы бытия, а также результаты материальной и духовной деятельности человека»¹. При этом необходимо учитывать и тенденцию к самостоятельному этнокультурному развитию проявляющейся в укреплении межкультурной и межнациональной толерантности. «Каждый этнос имеет пространственно и временную протяженность, свой генотип, свои биологические и социальные связи, свое обусловленное место на Земле»². Без такой взаимосвязи и взаимообусловленности не может существовать ни один народ, вне всего этого народ исчезает из пространства, теряется его связь с Вселенной.

Казахстанско-Узбекистанские дружеские отношения как этническое единство укрепились в начале XX века. Так например, Указ последнего царя России Николая II от 25 июля 1916 года «О привлечении мужчин инородческого населения империи» в возрасте от 19 до 43 лет «для работы по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей армии, а равно для всяких иных, необходимых для государственной обороны работ»³, стал причиной начала национально-освободительного восстания 1916 года во всех казахских и узбекских местностях Туркестана.

В 1924 году руководством большевистской партии была проведена территориальное разделение Центральной Азии, таким образом на карте мира появились 5 стран которые до 1991 года полностью находились в подчинении центру. С 1937 года в целях интернационализации этих стран началась массовая депортация корейцев, татаров, калмыков, даргинцев, ингушетов и других наций. Несмотря на территориальное разделение и многонациональность народы Центральной Азии жили в мире и согласии.

В частности, с 1953 года в Узбекистане стала развиваться газовая отрасль и в 1961-1963 годах по территории Казахстана проложили газовую трубу Газли-Челябинск, которая соединяла Бухару и Уральск.

Четко были сложены и культурно – просветительские связи, ибо ежегодно в вузах Узбекистана и в частности на всех факультетах Ташкентского

¹Чумаков А.Н. Глобализация. 3-издание.-Москва, 2017. С.293

²Шермухамедова.Н.А О соотношении этнокультуры и национальной идеи//Диалог культур.Алиевские чтения. Москва, Канон,2012. -С.211.

³См. Мухиддинова Ф. история становления межнациональных отношений. УзМУ хабарлари.2016.№4.С.56.

государственного университета основанного в 1918 году, обучались сотни казахских студентов. А также, в Казахском университете имени ал-Фараби обучались студенты из Узбекистана. Проводились совместные культурные мероприятия, народы двух стран всегда как единое целое поддерживала друг друга. Многие узбеки работали в учебных заведениях Шымкента, Сарагача находящиеся на юге Казахстана.

Однако, в 1991 году также как и все независимые страны Узбекистан и Казахстан, шли на пути укрепления национальной государственности, сохраняли территориальную целостность, самобытность, культуру и язык, при этом продолжали дружеские отношения на основе взаимного партнерства.

Еще в 1992 году в Узбекистане одним из первых стран СНГ было открыто посольство Казахстана. 23 декабря 1993 года в Ашхабаде было принято Соглашение между СНГ о сотрудничестве в области туризма, которое стало первым документом, регулирующим межгосударственные отношения Казахстана с Узбекистаном.

Соглашение от 10 января 1994 года о совершенствовании сотрудничества в области культуры, здравоохранения, науки, образования, туризма и спорта между Казахстан и Узбекистан, а также Соглашение между Правительствами Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана от 8 декабря 1997 года предусматривающее развитие туризма между странами, стал еще одним важным шагом на пути укрепления дружбы народов. Позже этот документ также был подписан правительством Таджикистан.

В 1998 году между Узбекистаном и Казахстаном подписан долгосрочный договор о сотрудничестве и на протяжении 24 лет в рамках этого договора были проведены ряд мероприятий на пути укрепления дружбы и сотрудничества между народами двух стран. С гордостью можно утверждать что центральная улица города Ташкента названа именем великого казахского поэта и писателя Абая, в честь 150 летия у посольства Казахстана установлен его памятник что является с выражением глубокого уважения и желанием укрепления дружеских отношений. В 1997 году в честь 100 летия Мухтар Ауэва открыта мемориальная доска в здании где он учился и работал, в честь его 110 летия в 2007 году в казахской школе Ташкентской области проведены юбилейная международная конференция и культурные мероприятия.

Необходимо отметить и глубокое уважение узбекскому народу казахского народа. Так например, в 1996 году в честь юбилея Амира Тимура проведена международная конференция на тему «Роль и место Амира Тимура в истории народов Центральной Азии», и установлен памятник великому поэту, основателю узбекского языка Алишеру Навои.

Народ Узбекистана с уважением относится к культурному наследию казахского народа. 29 марта 2007 года в городе Ташкенте организованы специальные мероприятия в честь казахского батыра Толеби. В мае 2009 года состоялось торжественное открытие комплекса, который служит историческим достоянием народов Узбекистана и Казахстана. В Ташкенте по инициативе Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева узбекскими специалистами реставрирован комплекс «Толеби – Шайхантаур». Награждение Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева Первым Президентом Узбекистана Исламом Каримовым орденом «Буюк хизматлари учун» (За выдающиеся заслуги) является

проявлением высшей формой стратегических и союзнических отношений, а также признанием его заслуг не только в Казахстане но и во всем мире.

С 2017 года отношения Узбекистан-Казахстан приобрели новый оборот. Узбекистан открыл двери для международного сотрудничества, ибо в век глобализации как никогда необходимо установление дружеских отношений между соседями во благо народа.

В настоящее время развитие двусторонних отношений ещё больше сближает народы Узбекистана и Казахстана. Как известно по приглашению Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в 2017 году 22-23 марта Президент Республики Узбекистан Шавкат Мирзиёев посетил Казахстан с государственным визитом. В ходе переговоров в узком формате обсуждались вопросы дальнейшего развития сотрудничества Узбекистана и Казахстана, укрепления мира и безопасности, состоялся обмен мнениями по актуальным региональным и международным вопросам, представляющим взаимный интерес. Следовательно, результаты двухсторонних переговоров глав государств способствовали укреплению сотрудничества во всех сферах экономики, положено начало на повышение взаимного товарооборота до 2020 года на 5 миллиардов долларов США и последовательного претворения в жизнь стратегии экономического сотрудничества, особое внимание уделалось совершенствованию статуса безядерной зоны Центральной Азии в целях обеспечения безопасности, устойчивого развития и мира. На основе конструктивного подхода и консенсуса запланировали строительство гидротехнических сооружений на трансграничных реках Центральной Азии, не принося вреда интересам других стран, а также проведение международной экспертизы всех трансграничных проектов.

Проект автомобильной дороги “Бейнеу-Акжигит – границы Узбекистана”, а также другие проекты направлено на обеспечение альтернативных путей выхода на рынок мира и международных морских коммуникаций являющееся одним из способов улучшения экономической и инвестиционного сотрудничества, а также совершенствования двустороннего товарооборота двух стран.

Добрососедские, партнерские отношения между нашими странами последовательно укрепляются. Узбекистан и Казахстан являются близкими соседями, испытанными временем партнерами. Сотрудничество между нашими странами развивается на основе высокого доверия и взаимоуважения. Активизация связей на различных уровнях является подтверждением заинтересованности наших стран в расширении многогранных отношений.

В целом, следует отметить, что, Узбекистан и Казахстан поддерживают друг друга в вопросах международной политики. Наши страны плодотворно взаимодействуют в рамках таких международных структур, как ООН, ШОС, СНГ, Организация исламского сотрудничества, Международный фонд спасения Арала, и других. Близки позиции обеих сторон по многим вопросам регионального и международного значения. Ибо, Узбекистан и Казахстан на пути независимого развития одновременно, оказывают друг другу поддержку в модернизации и развитии экономики. Сегодня обе страны вступают в новый этап своего развития, что является основой для обеспечения стабильности в центрально-азиатском регионе.

Сегодня дружеские отношения двух народов укрепляются и важным аспектом сотрудничества является равноправное и взаимовыгодное партнерство Казахстана и

Узбекистана. В частности, велика заслуга Казахского национального культурного центра и газеты «Нурлыжолв области культурного сотрудничества между Казахстаном и Узбекистаном. Благодаря деятельности центра идет духовное возрождение казахского народа проживающих в Узбекистане, для казахских школ издаются книги на национальном языке, в Ташкентском педагогическом университете есть направление бакалавриата казахской филологии.

Новый оборот приобретает сфера образования, на сегодняшний день ведется плодотворная работа по открытию филиала Южно-Казахстанского государственного университета в Ташкенте, в апреле 2018 года была проведена международная конференция в ЮКГУ, где принимали участие студенты Национального университета Узбекистана, преподаватели НУУз, ведут занятия мастер класса в университете “Мирас”.

В мае и в октябре 2018 года проведен первый бизнес форум предпринимателей Узбекистана и Казахстана в городе Шимкенте. Это и есть продолжение многовековых дружеских отношений Узбекистана и Казахстана.

В 2017 году награждение Первого Президента Республики Казахстана Нурсултана Назарбаева орденом “Эл-юрт хизмати учун” (Признание народа) было признанием всей его творческой деятельности, посильного вклада в развитие как своей страны так и мира на земле и выражением глубокого уважения казахскому народу.

Вручение Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым Президенту Узбекистана Шавкату Мирзиёеву государственную награду за выдающиеся заслуги перед отечеством, за вклад в развитие сотрудничества между странами и объявление 2018 год “годом Узбекистана в Казахстане”, является ярким свидетельством признания, уважения и желания продолжить дальнейшее сотрудничество. Только в 2018 году в рамках данного проекта проводились более 50 мероприятий освещающие культуру бытия и научный потенциал Узбекского народа и этот процесс каждый год продолжается в рамках новых научных, культурных, экономических и политических проектов.

Конечно, долгие годы по некоторым причинам границы между странами Центральной Азии были закрыты, следовательно были проблемы как бытового уровня так и уровня внешней политики. Однако, несмотря на длинные колючие проволоки проложенные между странами, народы как Казахстана и Узбекистана не утратили интерес к взаимному диалогу и желание укрепить дружеских связей. Сегодня границы между странами Центральной Азии открыты и проложена зеленая дорога. Теперь, задача интеллектуальной элиты состоит в очищении от сорняков эту зеленую дорогу и во имя сохранения мира стать достойным примером для подрастающего поколения.

Итак, глобализация открывает новую эру в межкультурных и межнациональных отношениях между Узбекистаном и Казахстаном формируя единый взаимосогласованный и взаимосвязанный мир. В рамках этого единства должны быть учтены уникальные традиции национальных культур и их различия. Страны активно включившиеся в глобальное пространство, не отказываются от своей национальной духовной культуры, а сохраняют и развивают ее с учетом происходящих в мире изменений и это способствует межкультурной и межнациональной толерантности. Одной из проблем в период духовного возрождения наций является очищение нравственности и морали от политизации,

от влияния массовой культуры, потому что в недалеком прошлом они были заидеологизированы и сведены к политике. Глобальная модернизация способствовало глобальной интеграции культур народов мира, а также глобального стремления сохранения национальной идентичности. Только благодаря взаимопониманию разных народов и национальностей, человечество сможет избежать недоверия, которое используется как почва для разжигания неприязни, ненависти, призывов к насилию.

Әбдікадырова Тұрсынай Рыстайқызы

педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының меңгерушісі. Тараз, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕН ҰЛТ ҰРПАҚТАРЫ

Қазақ рухани дүниесі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы бай халық. Ұлтымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ұрпақ бойына сіңіріп, тәрбиелеген халық. Ұлтының рухани құндылықтарын қазақ - бәрін, кезінде, жазу-сызуы болмаса да жадында сақтап, бүгінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізген ұлы халық. Және көрмеген қорлығы жоқ қазақтардың бір басынан өткерген қасіреттердің бәрінде тәуелсіздік жолында табанды күрескен ұлт ұрпақтары да осы рухани бай мұрамыздан тәлім алған, елін сүйетін нағыз ер-ұлт тұлғалары екендігі анық. Сол ұлы тұлғаларымыздың өмірін, айтқан сүбелі пікірін, жастарға қалдырған өсиет өнегесін жас ұрпаққа оқыту, бойына сіңіру арқылы болашағымыз жарқын өміріміздің салауатты болатынына сенімдіміз. Ұрпағымыз тарихын, әдебиетін, мәдениетін, ұлтын сүйген ұлт тұлғаларын, халқымыздың басынан өткен қиыншылықтары мен қасіретін біліп қана қоймай оны қастерлеуі, мақтан тұтуы және өткеннен сабақ алуы тиіс.

Зұлмат замандарда ең бірінші болып, халықты оятқан, санасын серпілткен, елді ерте білген ұлы тұлғалары болды. Өздері шейіт кетсе де ұлтының мүддесін қорғады. "Мың өліп,мың тіріліп" жер бетінен аман келе жатқан қазақ халқы қашан да сол ұлт көсемдеріне тағзым етеді. 1991 жылында алған Тәуелсіздік қана қазақ елін кейінгі 70 жыл ішіндегі сталиндік зұлматтан, голощекиндік жасанды аштықтан, "коммунизмді орнату" жылдарының кесапаттарынан, 490 рет жарылған атам бомбасынан, жөнсіз жыртылған тың жер мен сұраусыз бұрылған су зардаптарынан (Арал тағдыры), мұрағаттардың тұңғиығында жасырынған ақтаңдақтардан, т.б құтқарды. Бүгінде сол ұлт тұлғаларының тіл, жер, мәдениет, өркениет, тарих т.б рухани салаларда айтқан салиқалы сөздеріне, өнегелі өсиеттеріне сүйенген қазақ зиялылары ел мен жер, халық мүддесі жолында қызмет етіп келеді[2].

Адамды рухани құндылықтар негізінде жетілдіру қоғамды төте жолмен жетілдірудің бірден-бір жолы екендігі ертеден анықталған ақиқат. Осыған орай ғалымдардың Ұлттық рухани құндылықтарымыздың қатарына нені жатқызамыз? Ұлттық діліміздің өзге отандастарымызды еліктіретін, сөйтіп бірегей халық болып ұйысуға жәрдемдесетін қандай қадір-қасиеті бар? , деген заңды сұрақтар туындайды. Осыған орай былай деуге болады: «Біріншіден, қазақ халқы-табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар гуманист халық; екіншіден, ізеттілік яғни, үлкенді сыйлау, кішінің көңіліне қаяу салмау - атадан балаға келе жатқан асыл қасиеттеріміздің бірі дейді; үшіншіден, қоғамның кішкентай ұясы түріндегі отбасындағы ынтымақ-аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы келісім. Ата-ананы, аруақтарды құрметтеу, жақындарының арына кір жұқтырмау; төртіншіден, досқа, ағайынға, ұлтқа адалдық; бесіншіден, қазақ еркіндікті, әсіресе ой еркіндігін, жеке басының бостандығын, ешкімге бағынышсыздықты жоғары қоятын халық», -дегіміз келеді [3].

Бізде жаңа экономикалық элитаның яғни рухани-мәдени элитаның қалыптастып келе жатқандығы, олардың тек ұлттық тілі мен дінінен ажырамай дәстүрлі-мәдениетіміздің үрдісінде жетілуін айтқымыз келеді.. Сұңғыла ақылмен кез-келген қоғамның ілгері дамуына ықпал ететін, парасат иелерінің қалыптасуын үлкен мәселе етіп көтеруге болады. Сол парасатты адамның (бізше ұлттық тұлға) өз ойын еркін білдіруіне немесе бұл ойдың дер кезінде ықпалды күшке айналуына мүмкіндік беретін әлеуметтік алғышарттарды (демократиялық бостандықтардың, материалдық тәуелсіздіктің, сындарлы пікірді түсініп, қабылдауға әзір әлеуметтік ортаның т.б.) екінші мәселе етіп қоямыз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында өз халқының ағымдағы хал-жағдайын ақыл таразысынан өткізіп, болашағын болжап, ілгері даму бағытына ықпалы мол болған ұлы тұлғаларына тоқталып өтелік. Ондай тұлғалардың қатарына Қорқыт пен Тоныкөктен бастап салыстырмалы түрде, күні кешегі Бұқар мен Абайдың аралығында талай дана бабаларымыздың туған халқының сол кездегі жағдайын, болашақ тағдырын ойлап тебіреніп өткендігін, әрі бұл игі қасиеттердің ұрпағына үлгі боларлық жолын айтқымыз келеді. Өз ойымызды ешкімнің намысына тимей жеткізе алатын, кімнің-кім екенін бағалауға қабілетті, тасқа басылған сөздің бәріне құдайдың пікіріндей сене бермейтін әлеуметтік ортаның, парасатты тұлғаның қалыптастыру мәселесі көтеріледі. Экономикалық даму, демократиялық үрдістердің орнығуы, ақпараттық желілердің кеңеюі бізді кез-келген ойды жұртшылыққа еркін айтудың үлгісіне жеткізетіндігін айта отырып, ол үшін ешқандай топтың мүддесіне тәуелсіз, маргиналдық пен көзқамандықтан (космополитизмнен) ақиқат пен халық қамын ойлайтын (жалпы адамзат болашағына) қалтықсыз жаны ауратын парасат иесін, ұлттық тұлғасының қажеттілігін зерделейді. Ондай зиялы қауымына бүгінгі күні не жетпейді деген сұраққа былай деп жауап беруге: «Жетпейтін нәрсе көп, бастыларын санамалап айтсам... біріншіден, жанкештілік жетпейді. Атақ демей, ақша сұрамай, мақтау күтпей ел үшін барлық жолда алаңсыз берілу жоқ. Екіншіден, біліктілік жетіспейді. Үшіншіден ой еркіндігі, рух бостандығы жетпейді. Сөз кезегі тисе өз жағдайымызды айтып жылай бастаймыз. Қай заманда қай елдің зиялысы өз жағдайын айтып жыланып еді? Зар илесе, өз жағдайын, өз мұңын айтып емес, ұлттың қамын жеп, халықтың мұңын жоқтап, елдің болашағын ойлап басын тауға да, тасқа да соқпаушы ма еді. Ондай тұлғалардың қатарына алаш ардақтыларын жатқызамыз. Мектеп бағдарламасына Алаштану пәнінің енгізілуі, олардың елім деп еңіреген патриоттық сезімін жастар бойына қалыптастыра отырып, ұлттық тұлға тәрбиелеу, мұраларын меңгерту алдымызда тұрған үлкен жауапкершілікті іс..

Алаш – қазақ үшін қасиетті ұғым. Арғы жағында қандай тарих, қандай түсінік жатқандығына қарамастан, бүгінгі жұртшылық бұл ұғымды өткен ғасырдың басында қазақ ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен "Алаш" қозғалысымен және соның басында тұрып, "Алаш" партиясын, "Алашорда" өкіметін құрған ұлт зиялыларының есімімен байланыстырады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы саясатында ұлттық мемлекеттілікті нығайту басты басымдықтардың бірі болып отыр. Ол үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық сананы қалыптастыру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алу орынды.

XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. «Олар өз

қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге, оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шындау деп санаған», - деп көрсетеді Н.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында .

Ұлт зиялылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ә. Ермаков, Х. Ғаббасов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, т.б қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі, ең алдымен, дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. Қазақ халқының көшбасшысы болған зиялылар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шықты [4].

Қаламгер-ғалым Акселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты еңбегінде қазақтың этникалық мәдениетіне, дәстүрлі фольклоры мен этнографиясына, ұлттық тарихына, рухани болмысы мен таным зердесіне қатысты отаршылдық туралы соңғы пайымдауларға тоқталады. Ол: «Отаршылдықтың тақсиретін тартқан жүздеген ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқы да ең ауыр кезеңді социализм тұсында өткерді. Бұл орайда адамзат баласының ұзақ тарихындағы ең үлкен, ең ауыр қылмыс ХХ ғасырда ҚСРО (СССР) деп аталатын ұлы империяның аясында жүзеге асты деп тұжырым жасайды. Ойын ары қарай: «Бір ұрпақтың көз алдында өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыстың миллиондаған құрбандары да емес; ол - миллиондаған адамды бас бостандығынан айырған лагерьлердің архипелагы да емес; ол-технократтық жабайылық тудырған экологиялық сүргін де емес; ол-соғыссыз-ақ 4 миллион қазақты қырып тастаған геноцидтік саясат та емес; ол-тұтас ұлттардың қазақ даласына жер аударылуы да емес немесе тың игеру науқанын желеу етіп 3 миллион славянның Қазақстанға басып кіруі де емес; ол-керек десең қырық жыл бойы (1949-1988) қазақ даласында бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500-ге тарта жарылған атом бомбасы да емес...

Ол қылмысты былай деп тұжырымдауға болады: адамзат баласының тарихындағы ең үлкен қылмыс – социалистік системаның тотаритарлық өктемдікпен 200-ден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі болды.

Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар жойылып кетті Яғни ғасырлар бойы қалыптасқан жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болымысы солғын тарты. Мұндай ауқымдағы қасіретті адамзат баласы бұрын соңды басынан кешкен емес»-дейді [2].

Тап осы отаршылдық кезеңде қазақты “оқымаған, надан” деген нәубет сөздер көп айтылды. Өйткені, оның астарында үстем тап идеологиясының саяси мақсат-мүдделері бар-тын. Мәселен, кешегі партократия заманында жүргізілген қазақтарды кемсітуші үгіт-насихаттарда: ”қазақтарға барлық жақсылық (оқу, білім, өнер, мәдениет т.б) тек кеңес дәуірінде ғана жасалды, одан бұрын олар (2-ақ пайызы оқыған) сауатсыз, надан болды” деген пікірді ел санасына сіңіруге тырысты. Бұл, әрине, шындыққа жатпайтын пікір еді.

Кейінгі деректерге қарағанда: тек 1914 жылы ғана Қазақстанның қазіргі аумағындағы 2011 мектепте оқыған 105 200 баланың арасында қазақтар да аз болмаған. Олардың сыртында көптеген қазақтар арабша сауатын ашқаны белгілі.

Надандықтың себептері көп. Халықты надандыққа түсірген-бодандық екендігі бүгінде ешкімге таңсық емес түсінік. Ұлт бойына батпандап сіңген осынау отаршылдықтың дертінен қазақ халқы өз жүрегін емдеу арқылы, тұманданған санасын сейілту арқылы, рухани сауығуға өз болымысын парықтау арқылы жетті.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін-білім» деген [5].

Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады». Тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын біздің жастарымыз, ұлттық тұлғаларымыз тәуелсіздіктің жауапкершілігін түсінетін, оның ауыр жүгін арқалай алатын, еңбеккер болуы керек. Қазақ «бейнет түбі – зейнет» дейді. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» тіршілік жасау бізге жат қылық болуы тиіс. Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын жас ұрпақ естен шығармағаны абзал.

«Қарға тамырлы қазақ» өзі өмір сүріп отырған, тұрмыс тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынастарын, жақсы-жаман жағдаяттарын ой елегінен өткізіп отырған. Соты, қаралаушысы мен ақтаушысы жоқ заманда жер мен жесір дауын, ру ішілік, ру аралық, басқа да ел арасындағы дау-жанжалдарды әділ шешіп отырған. Ел аузындағы «Халық айныса кім түзейді?», «Ата тұрып ұл сөйлесе ер жеткені болар», «Қадірсіз десең халқымнан сұра», «Халқыңа әділ бол», «Бірлігі кеткен ел жаман», «Айыпты айып жусын, ашуды ақыл қусын», т.б. шешендік сөздердің астарында бүгінгі билік басындағыларға да қарапайым халық өкіліне де, өсіп келе жатқан жастарға да ғибрат аларлық өсиеттерге тұнып тұр. Бұл бағытта ұлы Абайдың ғибратты сөздері мен кәусәр бұлақтай мөлдір жырлары, таусылмас қазына іспетті дүниелерінің мектеп оқушыларына арнайы оқытылуы яғни Абайтану пәнінің енгізілуі адамгершілікке, адалдыққа, бірлікке, елін сүйуге, әділдікке, ел билеуге тәрбиелеудің шынайы белгісі болатындығын анықтайды [6].

Күллі ғалам жұртының алдында айбары асып, мәртебесі тасыған «түркілік дәурен» тарих сахнасынан ысырылған соң, атажұртты иелену бақыты біздің қазақ халқының мандайына бұйырды. Тектілердің төрі болған сол киелі мекен, айналайын атажұрттың қасиетін тоздырмай, жат жұрттардың қолын создырмаған халқымыз батыр бабаларымыз аманат еткен көк туды тұғырынан тайдырмай, өз биігінде желбіретіп отыр. Және сол құндылықтарды аман сақтап қалу жолында тағдырдың небір теперішіне төтеп берген қазақ халқы бүгінде іргетасы берік, болашақ бағыт-бағдары «Мәңгілік ел» мүддесіне ұласқан Еңселі ел санатын құруда. Ал өткеннің өнегесіне деген перзенттік парыз бен келешек ұрпақтар сабақтастығы алдындағы азаматтық қарыздың мәнін терең сезініп, түйсіне білген бүгінгі ұрпақ бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай болып ғұмыр кешуге тиіспіз. Сол ынтымықтастық пен өзара силастықтың рухы елдік дамуымыздың барша саласында айқын түрде көрініс беруде. Сол себепті, халық ойының, өркениет құндылықтарының иесі болған ұлттық тұлғалар әрқашан да халқының, өз ұлтының алдындағы рухани көсемдік қызметін адал атқарған. Тарихи тұлғалар ұлттық құндылықтары мен қасиеттері арқылы ерекшеленген [7].

Ұлттық тұлға - жеке ерекшелік қасиеттерді бойына сіңірген, бойында ешкімді қайталамайтын өзіне ғана тән қасиеттері бар, белгілі бір қоғамда өмір сүретін және сол қоғамға бейімделген, ұлтының рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, Рухани жаңғырған, биологиялық, әрі рухани тіршілік иесі бола алады деп тұжырымдап, мынандай анықтама бердік. Ұлттық тұлға дегеніміз–ұлтының рухани қажетін өтейтін, соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам.

Бәсекеге қабілетті ұлттық тұлға рулық-жүздік танымнан жалпы ұлттық санаға, дүниетанымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орнын анықтап

алуға, барлық рухани дағдарыс түрлерінен арылуға, халқының білімді болуына қызмет етуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу»// Алматы: Жұлдыз, 2000. №7 19 б.
2. Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» Астана: Ел-шежіре, 2004.598 б.
3. Адам және ашық қоғам. Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998.272 б.
4. Айталы А. Ұлттану. Алматы: Арыс, 2003.- 226 б.
5. Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. 546 б.
6. М. Әлімбаев Халық-ғажап тәлімгер. Алматы: Рауан, 1991.144 б. М. Әлімбаев Халық-ғажап тәлімгер. Алматы: Рауан, 1991.144 б.
7. Д.Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел-шежіре, 2008. 340 б.

Джеренова Раушан Омархановна

педагогика ғылымдарының кандидаты.
Шымкент қаласы Білім Басқармасының жанындағы «Дарын» орталығының
директоры

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ

Түйін: Қазіргі уақытта еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру басты тақырыптардың бірі. Осы бағытта басталып жатқан алғашқы жұмыстардың бірі – білім беру саласын цифрландыру. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Цифрландыру білім беру сапасын жақсартуға, жаңа ақпараттық технологияларды дамытуға, дарынды балаларды қабілеттерін анықтауға өте қажет екенін талдау – мақаланың негізгі мақсаты.

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау.

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға, адами капиталды дамытуға мүмкіндік береді.

Білім саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті мен жауапкершілігі өте ауқымды. Ұлттың болашағы білімді ұрпақтың қолында екені айтпаса да түсінікті. Цифрлық Қазақстан бағдарламасының білім саласында атқарар рөлі маңызды. Атап айтсақ, қазіргі таңда жаңа технологияларды оқушылар меңгеріп, аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатысып, өз білімдерімен көзге түсіп, жүлделі орындар иеленіп келеді.

ҚР Тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «El Umiti» бастамасымен 2020 жылы ашылған Шымкент қаласы «Дарын» орталығы, қаламыздағы дарынды балаларды, талантты жастарды анықтау, қолдау, дамыту - негізгі мақсаты. Жыл сайын, оқушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру, олимпиада, зияткерлік сайыс, ғылыми конкурстар негізінде қызығушылықты арттыру мақсатында өткізілетін 200-ден астам қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларға жыл сайын мыңнан астам оқушы қатысады.

Олимпиадалардың тиісті деңгейде өтуіне, академиялық адалдықтың сақталуына Шымкент "Дарын" орталығы, дарынды балаларды анықтау үшін заманауи цифрлық жүйелерді қолданып келеді. Атап айтқанда: 2020-2021 оқу жылында өткізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік және аудандық кезеңдерін «Oqulyq» атты Қазақстандағы білім беру ұйымдары үшін қашықтықтан оқыту жүйесі мен

автоматтандырылған прокторинг платформасы арқылы өткізген болатын. Автоматтандырылған прокторинг технологиясы компьютерлік бейнебақылау арқылы білімді қашықтықтан тексеру процесін бақылауға мүмкіндік береді. Платформа «бір оқушы — бір компьютер — бір камера» қағидасы бойынша ұйымдастырылып дарынды оқушыларды анықтауға көмектеседі.



Шымкент «Дарын» орталығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы сәйкес білім беру ұйымдарына арналған іс-шаралардың қалалық кезеңдерін өткізу барысында, цифрландыру жүйелерін қолданып келеді. Атап айтқанда әрбір іс-шараның өту барысында ZOOM платформасы арқылы бейнебақылау жүргізіліп, сілтемелері мектеп әкімшіліктері мен ата-аналарға жіберіледі. Осылайша кез-келген адам іс-шараның өту барысын тікелей эфирде бақылай алады. Цифрландыру жүйесі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алудың қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.



Оқушылардың білімін дамыту мақсатында Шымкент «Дарын» орталығының ресми сайтында барлық пәндер бойынша дайындық материалдары ұсынылған. Оқушы кез-келген уақытта сайтқа кіріп, өз білімін тексеруіне мүмкіндік жасалынды.

ҚР Тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «El Umiti» бастамасымен 2021 жылы «Qabilet» қызметі іске қосылды.




Жобаның мақсаты – әрбір отбасына балалардың қабілет деңгейін анықтауға және оның машықарын одан әрі оқыту және дамыту бойынша ұсыныстар алуға мүмкіндік беру.

«Qabilet» қызметі ата-аналарға балалардың қабілетті мен жасырын дағдыларын ашуға көмектеседі, сондай-ақ заманауи, жылдам дамып келе жатқан әлемде баланың даму траекториясын құруға көмектеседі.

«Qabilet» қызметі қабілет деңгейін анықтау және кәсіптік бағдар беру бойынша тестілеуден өтуді және одан әрі оқыту мен кәсіптік дамыту бойынша консультация беруді қамтиды.

Жобаны «Елбасы Академиясы» корпоративтік қоры Нұрсұлтан Назарбаев Қорының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен «El Úmiti» бастамасы шеңберінде жүзеге асырылды.



Диагностика қызметін 5-6 және 10-11 жастағы балалар ала алады. Тестілеуді үйден, сондай-ақ «Дарын» өңірлік орталықтарында онлайн режимінде өтуге болады. Тестілеу қорытындысы бойынша психолог-мамандар балаларға, олардың ата-аналары мен педагогтарына баланың әлеуетін дамыту және болашақ мамандығын таңдау бойынша консультациялық қолдау көрсетеді. Осылайша цифрлы жүйе арқылы оқушылардың қабілеттерін айқындауға мүмкіндіктер жасалынды.

Қорыта айтқанда білім саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті дарынды жастарды дайындау.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

- | | | |
|---|---|----|
| 1 | МОДЕРАТОР
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
Басқарма – төрағасы, ректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылымдар Академиясының
академигі
Қожамжарова Дария Пернешқызының
КІРІСПЕ СӨЗІ | 3 |
| | Толепбергенов Аманбек Корпобайұлы -
«Рухани Жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты КЕАҚ
Басқарма төрағасының орынбасары. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Құттықтау сөзі | 5 |
| 2 | Оразалы Сабден
экономика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан
ғалымдар одағының Президенті, Қазақстан Республикасының
Ұлттық Инженерлік академиясының Академигі,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Тәуелсіздік алған жылдары Жоғарғы Кеңестің Президиумның
мүшесі. Экономика комитетінің төрағасы. Алматы, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ
СЕРПІЛІС БЕРУ | 7 |
| 3 | Досай Кенжетай
философия ғылымдарының докторы, профессор.
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті
жанындағы «Исауитану» ғылыми-зерттеу институтының
директоры. Түркістан, Қазақстан
ЕГЕМЕН БОЛМАЙ ЕЛ БОЛМАС:
ИАСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
НЕГІЗДЕРІ | 21 |
| 4 | Шермухамедова Нигинахон Арслонхоновна
доктор философских наук, профессор. Заведующая кафедрой
«Философия и духовные основы» Национального университета
имени Мирзы Улугбека, главный редактор международного
журнала «Философия и мир». Ташкент, Республики Узбекистан
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ДИАЛОГА КУЛЬТУР
УЗБЕКИСТАНА И КАЗАХСТАНА | 26 |
| 5 | Әбдікадырова Тұрсынай Рыстайқызы
педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің «Қазақ тілі | 31 |

және әдебиет» кафедрасының меңгерушісі. Тараз, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕН ҰЛТ ҰРПАҚТАРЫ

- 6 **Джеренова Раушан Омархановна** 36
педагогика ғылымдарының кандидаты.
Шымкент қаласы Білім Басқармасының жанындағы «Дарын»
орталығының директоры
**ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ
АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ**

Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
**«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ
30 ЖЫЛЫ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕРІ ЖӘНЕ
БАЯНДАМАЛАРЫ**

**ПРИВЕТСТВЕННЫЕ СЛОВА И ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО
ЗАСЕДАНИЯ**

международной научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ: 30 ЛЕТ
СОЗИДАНИЯ»** приуроченной 30 летию Независимости Республики
Казахстан

Редакцияның мекен жайы: Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы, 5, корпус В, 205 кабинет.
М.Әуезов атындағы ОҚУ-н баспаханасы, Т.Рысқұлбеков көшесі, 3 корпус, 1 қабат.
Баспаға қойылған күні: 30.11.2021, Формат 60x80^{1/8} Тираж 100 дана
Көлемі: 16:1000. Тапсырыс № 3747
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы, 2021 © М.Әуезов атындағы ОҚУ